Каспий суынан бөлініп алынған микроорганизмдер теңіз суының экстремалды жағдайларына бейімделген микроорганизмдер ретінде үлкен биотехнологиялық потенциалға ие. Судағы әр түрлі физиологиялық топтардың аэробты және анаэробты микроорганизмдері кең таралғаны белгілі. Олардың кейбіреуі тіршілік қабілетін жоғалтып қана қоймай, сондай-ақ теңіз жағдайында белсенді өмір сүруге қабілетті болып қалады.

Бөлініп алынған микроорганизм дақылдарының морфологиялық – дақылдық белгілері зерттелді (кесте 3).


Каспий теңізінің микроорганизмдерінің морфологиялық және дақылдық қасиеттері

| | Зерттеу объектілері | Микроорганизмдер | Өсіру жағдайы, оттегіге қатынасы t 30°C | Клетка формасы және байланысуы | Грам бойынша боялуы | Спора түзу | Қозғалғыштық | Колония морфологиясы |
|---|----------------------|------------------|--|--------------------------------|---------------------|------------|--------------|---|
| 1 | Морпорг-1 (су) | A1 | Аэробты | Қысқа таяқшалы | Г+ | + | + | Дөңгелек колония, жылтыр, жиегі тегіс, ақ түсті, 2-3 мм |
| 2 | | A2 | Аэробты | Қысқа таяқшалылар, моно, дипло | Г+ | + | + | Дұрыс емес колония, жиегі дұрыс емес, ақ түсті, ішкі шырышты, беті дөңес, 10 мм |
| 3 | Морпорг-2 (су) | A3 | Аэробты | Кокктар | Г- | - | + | Жылтыр колония, жиегі кедір-бұдырлы, беті тегіс, ақ түсті, 3-4 мм |
| 4 | | A4 | Аэробты | Мицелийлі | | + | + | Ризоидты, бұталы, жасыл-ақшыл түсті, 20 мм |
| 5 | Қошқар аға-1 (су) | A5 | Аэробты | Диплококктар | Г- | - | + | Дөңгелек колония, жылтыр, жиегі тегіс, ақшыл түсті, беті тегіс, 3-4 мм |
| 6 | | A6 | Аэробты | Диплококктар | Г- | - | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, сары реңді ақ түсті, беті дөңес, 3-4 мм |
| 7 | | A7 | Аэробты | Монобактериялар | Г+ | + | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, беті тегіс, ақ түсті, 6 мм |


| | | | | | | | | |
|---|------------------------|----|---------|-------------------------------|----|---|---|---|
| 8 | Қошқар аға-2 (су) | А8 | Аэробты | Монотаяқшалылар | Г+ | + | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, беті тегіс, ақ түсті, жылтыр, 10 мм |
| 9 | | А9 | Аэробты | Монотаяқшалылар | Г+ | + | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, беті тегіс, жылтыр, мөлдір, 1 мм |
| 0 | Қошқар аға-1 (топырақ) | Б1 | аэробты | Қысқатаяқшалылар, моно, дипло | Г+ | + | + | Ризоидты, жиегі дұрыс емес, бұталы, беті дөңес, ақшыл түсті, тамырлы, 20 мм |
| 1 | | Б2 | Аэробты | Қысқатаяқшалылар, моно | Г+ | + | + | Ризоидты, жіпшелі, жиегі дұрыс емес, беті дөңес, ақ түсті, 7-8 мм |
| 2 | | Б3 | Аэробты | Монотаяқшалылар | Г+ | + | + | Дөңгелек қырлы шетті колония, беті конус тәріздес, ақшыл түсті, 5-6 мм |
| 3 | | Б4 | Аэробты | Монотаяқшалылар | Г+ | + | + | Ризоидты колония, жиегі дұрыс емес, беті тегіс, қоңыр реңді, 3-4 мм |
| 6 | | Б7 | Аэробты | Ұзын таяқшалылар, моно, дипло | Г+ | + | + | Ризоидты, жіпшелі, жиегі дұрыс емес, беті дөңес, 7-8 мм |
| 7 | Қошқар аға-2 | Б8 | Аэробты | Кокктар | Г+ | + | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, беті дөңес, қара-ақшыл реңді, 3 мм |

| | | | | | | | | |
|----|---------------------|-----|---------|-------------------------|----|---|---|---|
| 8 | Морпорт-1 | Б9 | Аэробты | Қысқа таяқшалылар, моно | Г+ | - | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, беті тегіс, сары-ақшыл түсті, жылтыр, 3 мм |
| 19 | Морпорт-2 (топырақ) | Б10 | Аэробты | Монодиплотаяқшалылар | Г+ | + | + | Дөңгелек колония, жиегі тегіс, беті тегіс, сары түсті, жылтыр, 1 мм |
| 20 | | Б11 | Аэробты | Ұзын таяқшалылар, моно | Г+ | - | + | Ризоидты, жіпшелі, жиегі дұрыс емес, беті дөңес, 5 мм |

Микроморфологиялық зерттеулерге сәйкес микроорганизм дақылдарының жасушалық құрылымы Грам бойынша жіктелінді (сурет 1).



А) Б7




Ә) Б8

Сурет 1. Каспий теңіз сулары бактерияларының микроморфологиясы, 1000x

Жұмыс барысында бактериялар қатты қоректік ортада 24-48 сағат аралығында өсу ерекшеліктері қарастырылды, түзілген колониялардың макроморфологиясы салыстырылды (кесте 3)



А) Б5



Ә) Б10

Сурет 2. Қатты ортадағы микроорганизмдер колониясының макроморфологиясы

Зерттеу объектілерінің микробиологиялық құрамы анықталғаннан кейін үлгілердің мұнай қалдықтарымен немесе басқа да химиялық заттармен ластанғанын, қоршаған ортаға деген уыттылық дәрежесін анықтау биотестілеу көмегімен жүзеге асырылды. Зерттеу объектілері екі түрлі жағдайда талданып, салыстырылды. Бірінші тәжірибеде әдіс 90:10 қатынасында жүргізілді. 90% дистилденген суға 10% проба суы қосылған зерттеу объектісі биоталданды. Екінші тәжірибе 60:40 қатынасында. 96 сағат ішінде сынама-объектілердің өмір сүру деңгейі қарастырылды.

Кесте 4

Биотестілеудің нәтижесі 90:10 қатынасында

| № | Зерттеу объектілері | | Зерттеу уақытындағы дафниялар санының арифметикалық ортасы | | | 96 сағатта тіршілігін жойған дафниялар үлесі, % | Уыттылық деңгейі |
|---|---------------------|---------|--|----------|----------|---|------------------|
| | | | 24 сағат | 48 сағат | 96 сағат | | |
| 1 | Морпорт-1 | Су | 10 | 8 | 7 | 30 | Уыттылығы төмен |
| | | Топырақ | 9 | 8 | 7 | 30 | Уыттылығы төмен |
| 2 | | Су | 9 | 8 | 7 | 30 | Уыттылығы төмен |
| | | Топырақ | 8 | 7 | 6 | 40 | Уыттылығы орташа |
| 3 | Қошқар ата-1 | Су | 10 | 9 | 8 | 20 | Уыттылығы жоқ |
| | | Топырақ | 10 | 10 | 8 | 20 | Уыттылығы жоқ |
| 4 | Қошқар ата-2 | Су | 10 | 9 | 8 | 20 | Уыттылығы жоқ |
| | | | 10 | 10 | 9 | 10 | Уыттылығы жоқ |
| | Бақылау | Су | 10 | 10 | 10 | | |
| | | Топырақ | 10 | 10 | 10 | | |

Биотестілеудің нәтижесі 60:40 қатынасында

| № | Зерттеу объектілері | | Зерттеу уақытындағы дафниялар санының арифметикалық ортасы | | | 96 сағатта тіршілігін жойған дафниялар үлесі, % | Уыттылық деңгейі |
|---|---------------------|---------|--|----------|----------|---|------------------|
| | | | 24 сағат | 48 сағат | 96 сағат | | |
| 1 | Морпорт-1 | Су | 7 | 7 | 6 | 40 | Уыттылығы орташа |
| | | Топырақ | 0 | 0 | 0 | 100 | Уыттылығы жоғары |
| 2 | | Су | 7 | 6 | 5 | 50 | Уыттылығы жоғары |
| | | Топырақ | 0 | 0 | 0 | 100 | Уыттылығы жоғары |
| 3 | Қошқар ата-1 | Су | 9 | 9 | 7 | 30 | Уыттылығы төмен |
| | | Топырақ | 7 | 7 | 7 | 30 | Уыттылығы төмен |
| 4 | Қошқар ата-2 | Су | 9 | 9 | 7 | 30 | Уыттылығы төмен |
| | | | 10 | 9 | 8 | 20 | Уыттылығы жоқ |
| | Бақылау | Су | 10 | 10 | 10 | | |
| | | Топырақ | 10 | 10 | 10 | | |

Зерттеу нәтижелерін талқылау

Зерттеу объектілерінің жалпы микробтық саны анықталды (кесте 2). 1мл-дегі микроб саны Қошқар ата-2 зерттеу объектісінде жоғарғы көрсеткішке ие болды, ал ең төмен мән Морпорт-2-де.

Жұмыс барысында Морпорт-1 үлгісінен 3 микроорганизм дақыл, Морпорт-2 үлгісінен 4 дақыл, Қошқар ата-1-ден 6 және Қошқар ата-2-ден 5 бөлініп алынды.

Бөлініп алынған микроорганизм дақылдарының морфологиялық – дақылдық белгілері зерттелді (кесте 3).

Бактериялардың морфологиялық қасиеттеріне тек пішіні ғана емес, сонымен қатар колониялар мөлшері, жасушалардың кеңістікте орналасуы, споралар мен капсулалардың болуы, бактериялардың Грам бойынша боялуының типі мен қозғалғыштығы жатады.

Зерттеу нәтижесінде микроорганизмдер кокктар немесе таяқшалар болып келеді. Барлық анықталған штаммдар аэробты болды.

Макроморфологиялық зерттеулерге сәйкес қатты қоректік ортада микроорганизм дақылдарында А1, А3, А6, Б9, Б10, Б11 дөңгелек пішінді колония, жиектері тегіс, жоғарғы беті жазық және дөңес болса, қалған үлгілер пішіні ризоидты және жиектері тегіс емес пішінде. Жалпы түзілген колониялардың диаметрлері 2-5мм аралығында болды. Қошқар ата (А5, А6, А7, А8, Б1, Б2, Б3, Б4) колониялары ақшыл-қоңыр, ақшыл түсті көрсетсе, Морпорттан (Б9, Б10) бөлініп алынған микроорганизмдер дақыл сарғыш түске ие болды (сурет 2).

Сонымен, микроорганизмдердің морфологиялық қасиеттерін зерттеу арқылы А3, А5, А6 дақылдары Грам теріс, қалған бактериялар Грам оң екендігі, Б1, Б2, Б3, Б4, Б4, Б6, Б7, Б9, Б10, Б11, топырақ үлгілері таяқша, А3, А5, А6 су үлгілері мен Б8 топырақ үлгісі кокка екендігі анықталды. А4 су пробасынан бөлініп алынған дақылдан мицелий байқалды.

Зерттеу объектілерінің микробиологиялық құрамы анықталғаннан кейін уыттылық дәрежесін анықтау биотестілеу көмегімен жүзеге асырылды.

Биотестілеу нәтижелері алғашқы 24 сағатта зерттелген су мен топырақ үлгілерінде дафния санының бастапқы мәннен ауытқу дәрежесі 0-20% аралығында болды. Осы уақыт аралығында Морпорт-2 (топырақ) нұсқасында бұл ауытқу 20%-ды көрсетті. Тәжірибеден 48 сағат өткеннен кейін пробалардың бақылаудан 10-20% ауытқуы байқалды.

Соңғы тәулікте өлген шаянтәрізділедің үлесі 10-40% көрсеткішіне дейін ұлғайды. Ең жоғарғы мән Морпорт-2 зерттеу объектісінде анықталды (40%).

Нәтижесінде, Қошқар ата-1, Қошқар ата-2 зерттеу объектілерінде 90:10 қатынасы бойынша уыттылығы жоқ болып, ал Морпорт-1 мен Морпорт-2 (су) орындарында уыттылық деңгейі төмен деп есептелінді.

Негізінен Каспий өңірінде орналасқан арнайы орындардан бөлініп алынған зерттеу объектілерінің су және топырақ үлгілері бірдей мәнді көрсетті: Морпорт-2 үлгісінің зерттелген топырағы суына қарағанда уыттылығы жоғары болды, ал Қошқар ата-2-де топырақ үлгісі төмен мәнге ие болды.

Қорытынды

Қошқар ата және Морпорт экологиялық аймақтарынан бөлініп алынған үлгілердің жалпы микробтық саны есептеліп: Қошқар ата-2 ((9,7±0,3)*105); Морпорт-2 ((1,9±0,1)*105), теңіз суларынан бөлініп алынған микроб дақылдарының морфологиялық және дақылдық қасиеттері анықталды.

Биотестілеу нәтижесінде Каспий теңізінен алынған су үлгілері 90:10 қатынасы бойынша Морпорт-1, Морпорт-2 (су) нұсқаларының уыттылық дәрежесі 30%-ды көрсетті. Ең уыттылығы жоғары үлгі Морпорт-2 (топырақ) болды (40%). Ал Қошқар ата-2-де бұл көрсеткіш 10%-ға тең болды.

Зерттеу барысында 60:40 қатынасындағы объектілерде 96 сағатта уыттылық дәрежесі төмен Қошқар ата-1, Қошқара ата-2 (су) болды, бұларда тіршілігін жойған дафниялар үлесі 30%-ды құрады. Уыттылығы орташа объект – Морпорт-1 су үлгісі (40%). Ең жоғарғы мән 100% Морпорт-1 және Морпорт-2 топырақ үлгілерінде анықталды және бұл көрсеткіш бастапқы тәуліктен бастап бақыланды.

Сынақ объектілерінің 30%-дан 100%-ға дейін өлуі анықталған жағдайда, бұл үлгілерді уыттылығы бойынша зиянсыз деп санауға болмайтынын көрсете отырып, зерттелетін үлгіде уыттылық әсері бар деген қорытынды шығаруға болады.

Зерттеу жұмысында 60% дистилденген су және 40% үлгі суы алынған тәжірибе нұсқасында бастапқы тәулікте сынама-объектісі болған *Daphnia magna* организмдерінің жойылу белгілері байқалды. Морпорт-1 және Морпорт-2 зерттеу объектілерінің топырақ үлгілерінде бастапқы кезден бастап сынама-объектілері жойылып кетті, яғни уыттылық деңгейі 100%-ды көрсетті. Қалған сынамаларда 48 сағаттан кейін дафниялардың өлу көрсеткіші 24 сағатта көрсетілген мәннен 10-20%-ға ауытқыды. Зерттеу уақытындағы дафниялар санының арифметикалық ортасы 96 сағатта 0-8 аралығында болды. Осы уақытта өлген дафниялардың үлесі Морпорт-1 нұсқасында 40%(су) және Морпорт-2 50%-ды (су) көрсетті. Ең аз пайыздық мөлшер 20% Қошқар ата-2 сынамасында анықталды.

Зерттеу объектілерінің 90:10 және 60:40 қатынастарында зерттеу нәтижелерін салыстыра келе үлгілердің мөлшері өскен сайын сынаманың уыттылығы да ұлғаятынын байқауға болады. Нәтижесінде биотестілеу жүргізілген 8 нысанның ішінде уыттылық деңгейі 50%-дан асқан, сол себепті ластану дәрежесі жоғары болып саналатын Морпорт-1, Морпорт-2 үлгілері екендігі дәлелденді.

Қаржыландыру

Зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (грант № AP19175679).

Авторлардың қосқан үлесі

Жолдыбай М.Н.

1. Жұмыстың концепциясына елеулі үлес қосты, жинақтады, жұмыс нәтижелерін түсіндірді;
2. Мәтінді жазып, мазмұнын сыни тұрғыдан қарады;

Джаналиева Н.Ш.

1. Мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бекітті;
2. Жұмыстың барлық аспектілеріне жауапты болды;
3. Деректердің сенімділігіне байланысты мәселелерді зерттеу және шешу немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығын бақылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Магрицкий Д.В. Каспийское море // Статья из научно-популярной энциклопедии «Вода России». – 2019. – № 1. – С. 4.
2. Гурбанпур Ш.Б. Экологические проблемы Каспийского моря // Молодой ученый. – 2010. – № 5(16). – Т. 1. – С. 128-131.
3. Гаврилов В.П. Экологические проблемы Каспийского моря. Труды Российского государственного университета нефти и газа им. И. М. Губкина. –2011. – № 4. – С. 37-45.
4. Общее микробное число (ОМЧ). [Электронды ресурц] – URL: <https://nortest.pro/stati/voda/obshhee-mikrobnoe-chislo-omch.html> (жүгінген күні: 04.03.2024).
5. Joint Group of Experts on the Scientific Aspects of Marine Environmental Protection, Estimates of Oil Entering the Marine Environment from Sea-Based Activities (Reports and Studies, 75, 2007) at 47. [Электронды ресурц] – URL: <http://www.gesamp.org/publications/publicationdisplaypages/rs75> (жүгінген күні: 04.03.2024).
6. Картамышева Е.С., Иванченко Д.С. Последствия добычи нефти и газа на Каспийском море // Молодой ученый. – 2017. – № 25 (159). – С. 113-117.
7. National Commission on the Deepwater Horizon Oil Spill and Offshore Drilling, Deep Water. The Gulf Oil Disaster and the Future of Offshore Drilling (Report to the President January 2014) at 218. Paper available from the U.S Government Printing Ose. [Электронды ресурц] – URL: <http://www.gpo.gov/fdsys/pkg//content-detail.html> (жүгінген күні: 04.03.2024).
8. Мелехова О.П. , Сарапульцева Е.И. Биологический контроль окружающей среды: биоиндикация и биотестирование. – Москва: Издательский центр «Академия», 2010. – 288 с.
9. Олькова А.С., Фокина А.И. *Daphnia magna* straus в биотестировании природных и техногенных сред. – 2015. – № 0042-1324. – С. 260.
10. Егоров Н.С. Практикум по микробиологии. – Москва: Изд-во Московского университета, 1976. – 307 с.
11. Нетрусов А.И., Егорова М.А., Захарчук Л.М. Практикум по микробиологии. – Москва: Академия, 2005. – 608 с.
12. Хоулт Дж. Определитель бактерий Берджи: В 2 т. – Москва: Мир, 1997. – 305 с.
13. Хоружая Т.А., Мартышева Н.А., Юрасова Е.Б. Методы оценки токсического влияния фитоценозов планктона на формирование качества поверхностных вод суши. – 2014. – № 52.24.809. – С. 12.
14. Ляшенко О.А., Кустикова М.А., Конопелько Л.А., Быковская Е.А., Тимофеева И.В., Василевская А.В., Маюрова А.С. Экология биологической системы в оценке состояния окружающей среды. – Санкт-Петербург, Изд-во Университета ИТМО, 2019. – 31 с.

М.Н. Жолдыбай¹, Н.Ш. Джаналиева²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Актау, Казахстан

Уровень токсичности воды и почвы Каспийского моря

Аннотация. В настоящее время экологическое состояние Каспийского моря, расположенного в юго-западной части страны, требует постоянного мониторинга и очистки из-за различных загрязняющих факторов, особенно бурного развития нефтедобывающей отрасли. Широко применяется оценка уровня загрязнения морской воды методами биотестирования, не наносящими вреда окружающей среде с экологической точки зрения. Проведено определение микробиологического состава объектов исследования, выделенных из Каспийского моря. В объектах, выделенных из проб воды, общее количество микробов колеблется от $(1,9 \pm 0,1) \cdot 10^2$ до $(6,2 \pm 0,2) \cdot 10^2$, тогда как в пробах почвы определялся показатель до $(9,7 \pm 0,3) \cdot 10^5$. Выделенные культуры проанализировали морфологически, в результате были обнаружены аэробные, нормальные подвижные кокки, коротко- и длиннопалочковые бактерии, а также мицелий. В ходе исследования был реализован метод биотестирования с использованием биологического объекта-образца – представителя ракообразных *Daphnia magna*. В ходе исследования установлено, что образцы почвы Морпорт-1 и Морпорт-2 были на 100% токсичны для объектов биотестирования с первых суток (в соотношении 60:40). В результате биотестирования у образцов Морпорт-1 и Морпорт-2, считающихся сильнозагрязненными, выявлен уровень токсичности более 50%.

Ключевые слова: морфолого-культурный признак, биотестирование, токсичность, объект-образец, уровень загрязнения, *Daphnia magna*, экология.

M.N. Zholdybai¹, N.Sh. Dzhanaliev²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Kazakhstan

Toxicity level of water and soil of the Caspian Sea

Abstract. Currently, the ecological state of the Caspian Sea, located in the southwestern part of the country, requires constant monitoring and cleaning due to various polluting factors, especially the rapid development of the oil industry. Assessing the level of seawater pollution using biotesting methods that do not harm the environment from an ecological point of view is widely used. The microbiological composition of research objects isolated from the Caspian Sea was determined. In objects isolated from water samples, the total number of microbes ranges from $(1.9 \pm 0.1) \cdot 10^2$ to $(6.2 \pm 0.2) \cdot 10^2$, while in soil samples the figure was determined to be up to $(9.7 \pm 0.3) \cdot 10^5$. The isolated cultures were analyzed morphologically, as a result, aerobic, normal motile cocci, short- and long-rod bacteria, as well as mycelium were discovered. During the study, a biotesting method was implemented using a biological sample object - a representative of the crustacean *Daphnia magna*.

During the study, it was established that soil samples from Morport-1 and Morport-2 were 100% toxic to the biotest objects from the first day (in a ratio of 60:40). As a result of biotesting, the Morport-1 and Morport-2 samples, considered highly contaminated, revealed a toxicity level of more than 50%.

Keywords: morphological and cultural trait, biotesting, toxicity, sample object, level of pollution, *Daphnia magna*, ecology.

References

1. Magrickij D.V. Kaspijskoe more, Stat'ya iz nauchno-populyarnoj enciklopedii «Voda Rossii» [Caspian Sea, Article from the popular science encyclopedia "Water of Russia"], 1, 4 (2019). [in Russian]
2. Gurbanpur SH.B. Ekologicheskie problemy Kaspijskogo morya, Molodoj uchenyj [Environmental problems of the Caspian Sea, Young scientist], 5(16), 1, 128-131 (2010). [in Russian]
3. Gavrilov V.P. Ekologicheskie problemy Kaspijskogo morya. Trudy Rossijskogo gosudarstvennogo universiteta nefti i gaza im. I.M. Gubkina [Environmental problems of the Caspian Sea. Proceedings of the Russian State University of Oil and Gas named after. THEM. Gubkina], 4, 37-45 (2011). [in Russian]
4. Obshchee mikrobnoe chislo (OMCH) [Total microbial count (TMC)]. [Electronic resource] – Available at: <https://nortest.pro/stati/voda/obshhee-mikrobnoe-chislo-omch.html> (accessed: 04.03.2024). [in Russian]
5. Joint Group of Experts on the Scientific Aspects of Marine Environmental Protection, Estimates of Oil Entering the Marine Environment from Sea-Based Activities (Reports and Studies, 75, 2007) at 47. [Electronic resource] – Available at: <http://www.gesamp.org/publications/publicationdisplaypages/rs75> (accessed: 04.03.2024). [in Russian]
6. Картамышева Е.С., Иванченко Д.С. Последствия добычи нефти и газа на Каспийском море // Молодой ученый. – 2017. – № 25 (159). – С. 113-117. [in Russian]
7. National Commission on the Deepwater Horizon Oil Spill and Offshore Drilling, Deep Water. The Gulf Oil Disaster and the Future of Offshore Drilling (Report to the President January 2014) at 218. Paper available from the U.S Government Printing Oce. [Electronic resource] – Available at: <http://www.gpo.gov/fdsys/pkg//content-detail.html> (accessed: 04.03.2024).
8. Melekhova O.P., Sarapul'ceva E.I. Biologicheskij kontrol' okruzhayushchej sredy: bioindikaciya i biotestirovanie [Biological environmental control: bioindication and biotesting] (Moskva, Izdatel'skij centr «Akademiya», 2010, 288 s.) [Moscow, Publishing Center "Academy", 2010, 288 p.]. [in Russian]
9. Ol'kova A.S., Fokina A.I. *Daphnia magna* straus v biotestirovanii prirodnyh i tekhnogennyh sred [Daphnia magna straus in biotesting of natural and technogenic environments], 0042-1324, 260 (2015). [in Russian]
10. Egorov N.S. Praktikum po mikrobiologii [Workshop on microbiology] (Moskva, Izd-vo Moskovskogo universiteta, 1976, 307 s.) [Moscow, Moscow University Publishing House, 1976, 307 p.]. [in Russian]
11. Netrusov A.I., Egorova M.A., Zaharchuk L.M. Praktikum po mikrobiologii [Workshop on microbiology] (Moskva: Akademiya, 2005, 608 s.) [Moscow, Academy, 2005, 608 p.]. [in Russian]
12. Hoult Dzh. Opredelitel' bakterij Berdzhii: V 2 t. [Identifier of Burgee's bacteria: In 2 vols.] (Moskva, Mir, 1997, 305 s.) [Moscow, Mir, 1997, 305 p.]. [in Russian]

13. Horuzhaya T.A., Martysheva N.A., YUrasova E.B. Metody ocenki toksicheskogo vliyaniya fitocenozov planktona na formirovanie kachestva poverhnostnyh vod sushi [Methods for assessing the toxic impact of plankton phytocenoses on the formation of the quality of land surface waters], 52.24.809, 12 (2014). [in Russian]

14. Lyashenko O.A., Kustikova M.A., Konopel'ko L.A., Bykovskaya E.A., Timofeeva I.V., Vasilevskaya A.V., Mayurova A.S. Ekologiya biologicheskie sistemy v ocenke sostoyaniya okruzhayushchej sredy [Ecology, biological systems in environmental assessment] (Sankt-Peterburg, Izd-vo Universiteta ITMO, 2019, 31 s.) [St. Petersburg, ITMO University Publishing House, 2019, 31 p.]. [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Жолдыбай М.Н. – биология және биотехнология кафедрасының, биотехнология мамандығының 2 курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін, әл-Фараби даңғылы 71, Алматы, Қазақстан.

Джаналиева Н.Ш. – аға оқытушы, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 32 шағынауданы, Ақтау, Қазақстан.

Zholdybay M.N. – 2nd year master's degree student, department of biology and biotechnology, specialty "Biotechnology", Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Avenue, Almaty, Kazakhstan.

Dzhanalieva N.Sh. – Senior lecturer of the Caspian University, Sh. Yesenova Technology and Engineering, subdistrict 32, Aktau, Kazakhstan.



ХҒТАР 34.33.19

Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7034-2024-146-1-130-148>

Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттыларының (Hemiptera, Heteroptera) биологиясы мен экологиясы

Х.Ғ. Қорғанбек¹ , П.А. Есенбекова*² 

¹А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

²ҚР ҒЖОМ ҒК «Зоология институты» РМК, Алматы, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: esenbekova_periz@mail.ru

Аңдатпа. Оңтүстік-Шығыс Қазақстан ағаш жартылай қаттықанаттыларын зерттеу нәтижесінде 8 тұқымдасқа жататын 35 түр анықталды. Бұлардың ішінде түр құрамы жағынан басым Miridae тұқымдасы (9 түр), Pentatomidae тұқымдасы (8 түр), Anthosoridae тұқымдасы (7 түр), қалған 5 тұқымдастан 1-3 түрден белгілі болды. Ағаш жартылай қаттықанаттылары тіршілік ету ортасына қарай дендробионт (22 түр), дендро-тамнобионт (2 түр), дендро-тамно-хортобионт (4 түр), дендро-хортобионт (6 түр) болып бөлінеді. Ағаш жартылай қаттықанаттылары қоректік байланысы жағынан зоофагтар (14 түр), зоофитофагтар (6 түр), фитофагтар (12 түр) және мицетофагтар (3 түр) болып бөлінеді. Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның ағаш жартылай қаттықанаттылары жыл сайын беретін ұрпақ санына қарай 4 топқа бөлінеді: моновольтинді (27 түр), бивольтинді (1 түр), поливольтинді (4 түр), ациклді (3 түр). Зерттеу аймағындағы түрлер экологиялық жағынан мезофилді түрлер. Жартылай қаттықанаттылар көптеген түрлерде қыстау кезеңі ересек дарасы сатысында (20 түр), жұмыртқа сатысында (10 түр), ересек дарасы және дернәсіл сатысында (4 түр), дернәсілдері сатысында (1 түр) өтеді.

Түйін сөздер: Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, ағаш жартылай қаттықанаттылары, Heteroptera.

Кіріспе

Жартылай қаттықанаттылар шала түрленіп дамитын насекомдар отряды. Бұлар құрлық және су насекомдары. Бұлардың басты белгісі – ауыз аппараты тесіп-сорғыш типті. Тұмсығы басының алдыңғы бөлігіне орналасқан. Бұл жәндіктердің тіршілік салты өте алуан түрлі, олар өсімдікқоректілер (өсімдіктің әртүрлі бөліктерінің шырындарын сорады), сүтқоректілер мен құстардың паразиттері, микофагтар (саңырауқұлақтармен қоректенеді), жыртқыштар (ұсақ омыртқасыздармен қоректенеді), өрмекшілер мен эмбилердің торларында, сондай-ақ суда және оның бетінде тіршілік етеді; су аршындардың кейбір түрлері тіпті ашық мұхитта да кездеседі (Randall T. Schuh & James A. Slater, 1995).

Жартылай қаттықанаттылар немесе қандалалардың 104 мыңнан астам түрі бар (Robert G. Foottit, Peter H. Adler, 2009). 2013 жылдың тамызына қарай ғалымдар 104165 түрді сипаттады, оның ішінде 1982 қазба түрі (Zhang, 2013).

Топ мүшелерінің дене пішіні тіршілік салты мен қоршаған ортаға байланысты әртүрлі болады (Insect Biodiversity: Science and Society, 2017). Биологиялық тұрғыдан бұл топ өте алуан түрлі. Онда су асты, су үсті және жер үсті өкілдері кездеседі. Олардың арасында ашық тіршілік ететіндер де, жасырын тіршілік ететіндер де бар, яғни тастардың астында, қабықтың астында, топырақта және т.б. (Определитель насекомых Дальнего Востока СССР, 1988) өсімдікқоректілердің түрлері бойынша көп, бірақ жыртқыштар табиғатта жиі кездеседі. Су астындағы жыртқыштар - ең епті, сонымен қатар су астында тіршілік ететін ең көп таралған насекомдар (Catalogue of the Palearctic Heteroptera 2023).

Матералдар мен зерттеу әдістері

2023 жылы зерттеу жұмыстары Оңтүстік-Шығыс Қазақстанда Іле Алатауы, Күнгей Алатау, Жетісу Алатауында, Алматы облысының Қарасай, Еңбекшіқазақ, Балқаш, Кеген аудандарында, Іле-Алатау Мемлекеттік ұлттық табиғи паркі (МҰТП), Алтынемел МҰТП, Шарын МҰТП, Алматы қаласы мен маңайлас аумақтарда жүргізілді.

Материалды жинау кезінде стандартты энтомологиялық әдістер қолданылды - бұталардан және ағаш бұтақтарынан қандалалар энтомологиялық сүзгімен және ағаштар астына ақ матаны төсеп, ағаштарды сілкі арқылы жиналды; ағаш қабығының астында және әртүрлі қуыстарға жасырынып тіршілік ететін түрлер экстаустермен немесе пинцетпен ұсталды (Кириченко, 1957; Голуб және т.б., 2012).

Бұл жұмыстың мақсаты – Оңтүстік-Шығыс Қазақстан жартылай қаттықанаттылар фаунасын, олардың биологиясын, экологиялық және зоогеографиялық таралуын анықтау.

Талқылау

Ұсақ жыртқыштар тұқымдасы – Anthocoridae

Asotrocoris pilipes Stys, 1960. Іле Алатауы, Үлкен Алматы өзені, теңіз деңгейінен 1900 м биіктікте, 17.06.2023, 3♀, 1♂; Күнгей Алатау, Кеген ауданы, Саты ауылы маңы, 27.07.2023, 2♀, 4♂; Жетісу Алатауы, Шолақ тауы, Ұзынбұлақ шатқалы, 23.07.2023,

1♀, 2♂. Дендробионт (қылқын жапырақты ағаштарда); мезофил (орман аймағында, көбінесе тауларда 2000 м биіктікке дейін); зоофаг (ұсақ жәндіктер және кенелермен); моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Элов, 1976).

Anthocoris minki pistaciae Wagner, 1957. Іле Алатауы, Ақсай шатқалы, 20.06.2023, 2♀, 2♂. Дендробионт (терек *Populus* және т.б.); мезофил; зоофаг (өсімдік биттері, жапырақ бүргелері); моновольтинді; ересек даралары қыстайды. Орта Азияда *Populus diversifolia*-да *Psyllidae* беріштерінен, *Forda sp.* өсімдік биттері беріштерінен, сонымен қатар *Fraxinus*, *Zygophyllum* и *Amygdalis bucharica* табылды (Malenovský, 2011).

Anthocoris pilosus (Jakovlev, 1877). Жетісу Алатауы, Қояндытау тау етегінде, 16.06.2023, 4♀, 3♂; Алматы қаласы, ботаника бағында, 20.06.2023, 1♀, 1♂; Іле Алатауы тау етегінде ағаштарда, бұталарда және шөптесін өсімдіктерде көп кездеседі, Алатау ауылы маңы, 16.06.2023, 9♀, 12♂. Дендро-хортобионт (жапырақты ағаштарда: *Populus*, *Salix*, жеміс ағаштарында), мезофил; зоофаг (өсімдік биттерімен, жапырақ бүргелері дернәсілдерімен, *Miridae*, трипстер, көбелектер жұмыртқалары және жұлдызқұрттарымен қоректенеді), бұл ағаш және бұталардағы өсімдік биттері түрлерінің негізгі жауларының бірі; жылына 4-5 ұрпақ береді, поливольтинді; ересек даралары қыстайды. Бұл түр Алматы жеміс шаруашылығы аймағында алма өсімдік биттерінің санын азайтуда ең тиімді түр болып табылады (Фолкина, 1974).

Elatophilus stigmatellus (Zetterstedt, 1838). Іле Алатауы, Медеу шатқалы, 18.06.2023, 3♀, 4♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.07.2023, 2♀, 1♂. Дендробионт (сағызқарағайда *Larix*); мезофил (орманды аймақ); зоофаг (ұсақ насекомдар, олардың дернәсілдері мен жұмыртқалары); моновольтинді; ересек даралары қыстайды. Қарағай қабығы астында тіршілік етеді (Кириченко, 1951).

Tetrphleps aterrima (J.Sahlberg, 1878). Іле Алатауы, Медеу шатқалы, 12.07.2005, 2♀, 2♂. Дендробионт (аралас ормандарда және шыршалы ормандарда ол балқарағай, сағызқарағай, қайың және қарағайда тіршілік етеді); мезофил (тауларда 2700-2900 м биіктікке дейін); зоофаг (ұсақ жәндіктер, олардың дернәсілдері және жұмыртқалары); моновольтинді; ересек даралары қыстайды. Әдебиетте шыршада кездескені туралы айтылады (Pericart, 1972).

Orius horvathi (Reuter, 1884). Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең өзені аңғары, 15.06.2023, 2♀, 1♂; Жандосов елді мекені маңы, 15.06.2023, 1♀, 3♂; Алтынемел МҰТП, Шыған кордоны, Іле өзені аңғары, 15.06.2023, 2♀, 3♂. Дендро-хортобионт (ағаштар мен шөптесін өсімдіктерде: *Medicago*, *Trofolium* және т.б.); мезофил (шөлдерден биік тауларға дейін, өзендердің жайылмаларында); зоофаг (өсімдік биттері, трипстер, көбелектердің ұсақ жұлдызқұрттары, кенелер және олардың жұмыртқалары, зиянды тасбақашық қандалалардың, астық қандалаларының жұмыртқаларымен қоректенеді); жылына 2-3 рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды. Өсімдік биті (*Aphis pomi*), темекі трипсі және кенелермен қоректенеді (Элов, 1976).

Orius minutus (Linnaeus, 1758). Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең өзені аңғары, 15.06.2023, 2♀, 3♂; Каменка елді мекені маңы, 15.06.2023, 1♀, 3♂; Алтынемел МҰТП, Іле өзені аңғары, 15.06.2023, 2♀, 3♂; Қызылтаң орманшылығы, Іле өзені аңғары, 11.06-26.2023, 5♀, 6♂; Қапшағайдан 119 км төменде Іле өзені аңғары, 26.06.2023, 1♀, 1♂. Дендро-тамно-хортобионт (ағаштар, бұталар және шөптесін өсімдіктерде:

тал, тобылғы, қайың, жапырақтары мен гүлдерінде); мезофил; көпқоректі зоофаг (әртүрлі насекомдар, кенелер және түрлі зиянды омыртқасыздар жұмыртқаларымен қоректенеді); жылына 3-4 рет ұрпақ береді; ересек даралары қыстайды (Элов, 1976).

Жыртқыштар тұқымдасы – *Reduviidae*

Rhynocoris annulatus (Linnaeus, 1758). Іле Алатауы, Медеу шатқалы, 18.06.2023, 1♀, 2♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.07.2023, 1♀, 1♂; Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы маңы, Шелек өзені аңғары, 24.05.2023, 2♀, 3♂; Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары, 10.06.2023, 1♀, 2♂; 13.07.2023, 2♀, 1♂. Дендрохортобионт (ағаштарда: қарағай, шырша, арша, қайың, орманжаңғақ, қандыағаш, емен, көктерек; түрлі бұталар мен шөптесін өсімдіктерде: шатыргүлділер, бұршақ тұқымдастар, күрделігүлділер); мезофил (ормандар, орманды аймақтар, жағалау ормандары); көпқоректі зоофаг (жапырақ жегіш қоңыздар, аралар, көбелек жұлдызқұрттары және т.б.); моновольтинді; IV-V даму сатысындағы дернәсілдері қыстайды. Дернәсілдердің қыстауы далалық бақылаулармен дәлелденген (Gredler, 1870; Priesner, 1928; Singer, 1952).

Rhynocoris iracundus (Rudoj, 2022). Іле Алатауы, Қарағайлы шатқалы, 18.06.2023, 1♀, 2♂; Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары, 28.07.2023, 2♀, 2♂; Қапшағайдан 40 км төменде Іле өзені аңғары, 29.07.2023, 2♀, 2♂; Қызылтаң орманшылығы, Іле өзені аңғары, 23.06.2023, 1♀, 3♂. Дендрохортобионт; мезофил (әр түрлі табиғи аймақтарда: далалы аңғарлар, тау бөктері мен аласа таулардың ыстық, орманды беткейлерінен биік таулы орман алқаптары мен субальпілік шалғындарға дейін 2000 м-ге дейін, жазықтарда, ағаштарда, бұталарда және шөптесін өсімдіктерде); зоофаг (биік гүлді өсімдіктерде жемтігін күтіп, әртүрлі жәндіктерді: жапырақ жегіш қоңыздарды, араларды, көбелек жұлдызқұрттарын аулауға дайын және т.б. болады); жылына бір рет ұрпақ береді; жоғарғы даму сатысындағы дернәсілдері қыстайды (Пучков, 1987). Дернәсілдері мен ересек даралары қыстайды (Асанова, Исаков, 1977).

Жай көзшесіздер тұқымдасы – *Miridae*

Deraeocoris annulipes (Konstantinov, 2008). Іле Алатауы, Үлкен Алматы өзені аңғары, 12.07.2023, 2♀, 1♂. Дендробионт (қарағай және т.б.); мезофил; зоофитофаг; моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Lygocoris rugicollis (Fallen, 1807). Алматы қаласы, ботаника бағы, 21.07.2023, 1♀, 2♂; Жетісу Алатауы, Қояндытау тауы, Ұзынбұлақ, Түлкілі және Қайыңды шатқалдары, 28-30.07.2023, 3♀, 6♂. Дендротамнохортобионт, мезофил; полифитофаг (ағаштар: тал, қайың, қандыағаш); бұталар, шөптесін өсімдіктер), бивольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Кержнер, 1972).

Blepharidopterus angulatus (Fallen, 1807). Алматы облысы, Қарасай ауданы, Каменка елді мекені маңы, 15.06.2023, 2♀, 2♂; Алтынемел МҰТП, Жантоғай кордоны, Іле өзені аңғары, 26.06.2023, 1♀, 2♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 14.06.2023, 2♀, 1♂. Дендробионт (жапырақты ағаштарда: *Alnus*, *Betula*, *Salix*, *Corylus* және жемісті ағаштарда); мезофил (алқаптағы аралас ормандарда және орманның жоғарғы шекарасына жақын тау бұлағы ағынында); зоофитофаг (өсімдік биттерімен қоректенеді); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Rider David A., 2018).

Cyllecoridea decorata (Kiritshenko, 1931). Алматы облысы, Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзені аңғары, 15.06.2023, 3♀, 2♂; Қарасай ауданы, Қаскелең өзені аңғары, 18.06.2023, 3♀, 1♂; Каменка елді мекені маңы, 19.06.2001, 3♀, 4♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 14.06.2023, 3♀, 3♂; 22.07.2023, 2♀, 1♂. Дендробионт (алма, алмұрт, қайың, қарағаш); мезофил; зоофитофаг; моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Пучков, 1973).

Orthotylus bilineatus (Fallen, 1807). Алматы қаласы, ботаника бағы, 23.06.2023, 1♀, 2♂; 11.06.2023, 3♀, 2♂; Іле Алатауы, Карғалы шатқалы, 28-30.07.2023, 4♀, 5♂. Дендробионт (на *Salix*, *Populus*); мезофил; зоофитофаг; моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Пучков, 1971).

Orthotylus nassatus (Fabricius, 1787). Іле Алатауы, Қарағайлы шатқалы. 30.07.2023, 2♀, 1♂; Қапшағайдан 40 км төмен Іле өзені аңғары, 21.06.2023, 2♀, 3♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 23.06.2023, 3♀, 1♂; 19.07.2023, 2♀, 2♂. Дендробионт (жапырақты және жеміс ағаштарында: *Salix*, *Tilia*, *Fraxinus*, *Quercus*, *Alnus*); мезофил (өзен аңғарларында); полифитофаг; моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Pilophorus confusus (Kirschbaum, 1856). Іле Алатауы, Қарағайлы шатқалы. 30.07.2023, 1♀, 1♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 23.06.2023, 1♀, 2♂, 19.07.2023, 2♀, 2♂. Дендробионт (жапырақты және жеміс ағаштарында); мезофил; зоофаг; моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Josifov, 1989).

Atractotomus mali (Meyer-Dur, 1843). Алматы қаласы, ботаника бағы, 09.07.2023, 1♀, 3♂; Баум тоғайы, 25.07.2023, 1♀, 2♂; Іле Алатауы, Ақсай шатқалы, 25.07.2023, 3♀, 2♂. Дендробионт (раушангүлді ағаштар және бұталармен байланысты: алма, алмұрт, долана, итмұрын, шомырт); мезофил; зоофитофаг (өсімдік биттері, жапырақ бүргелері, көбелек жұмыртқаларын, алма көбелегі жұлдызқұрттарымен және т.б. ұсақ омыртқасыздармен қоректенеді); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Camptylomma verbasci (Meyer-Dur, 1843). Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең өзені аңғары, 15.06.2023, 2♀, 2♂; Каменка елді мекені маңы, 17.06.2023, 3♀, 2♂; Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңғары, 03.06.2023, 1♀, 1♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.07.2023, 3♀, 2♂; Іле Алатауы, Кіші Алматы шатқалы, 25.07.2023, 5♀, 2♂. Дендро-хортобионт; мезофил (төмен тау шалғындары, теңіз деңгейінен 700-1200 м); зоофитофаг (түрлі жапырақты, сонымен қатар жеміс ағаштарында – алма, алмұрт, жиде; шөптесін өсімдіктерде: *Verbascum*, *Carduus*, ұсақ насекомдармен, кенелермен және олардың жұмыртқаларымен қоректенеді); поливольтинді; жұмыртқалары қыстайды.

Қабықасты қандалалар тұқымдасы – Aradidae

Aneurys avenius avenius (Dufour, 1833). Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.06.2023, 2♀, 3♂; Алматы облысы, Кіші Алматы өзені аңғары, 25.06.2023, 3♀, 2♂. Дендробионт (діндектер мен ағаштардың көтерілген қабығының астында және жапырақты ағаштар жарықтарында, бұтақтар мен жіңішке діндердегі қабықтың жарықтарында); мезофил; тар тағамдық мамандануы жоқ; мүмкін флоэма шырынымен қоректенеді, *Coriolus* саңырауқұлақтарының шырынымен қоректенуі жайлы нұсқау бар (Пучков, 1974); ациклді; барлық даму сатысындағы дернәсілдері мен ересек даралары қыстайды.

Aradus flavicornis Dalman, 1823. Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.06.2023, 3♀, 4♂; Баум тоғайы, 26.07.2023, 1♀, 2♂; Іле Алатауы, Кіші Алматы шатқалы, 25.07.2023, 1♀, 1♂. Дендробионт (жапырақты ағаштарда); мезофил, мицетофаг, саңырауқұлақ шырынымен қоректенеді; ациклді; барлық даму сатысындағы дернәсілдері мен ересек даралары қыстайды (Кириченко, 1913).

Aradus lugubris Fallen, 1807. Іле Алатауы, Үлкен Алматы көлі, қылқан жапырақты ағаш қабығының астында, 29.06.2023, 2♀, 1♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, Орта Азия экспозициясы, 27.06.2023, 3♀, 6♂. Дендробионт (тауда қылқан жапырақты ағаштар саңырауқұлақтарында); мезофил, мицетофаг, саңырауқұлақ шырынымен қоректенеді (Кержнер, Ячевский, 1964); ациклді; барлық даму сатысындағы дернәсілдері мен ересек даралары қыстайды (Mammedova, 2021).

Жер қандалалар тұқымдасы – *Lygaeidae*

Artheneis intricata V.G. Putshkov, 1969. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы, Шелек өзені аңғары, 21-24.05.2023, 4♀, 6♂; Алтынемел МҰТП, Ұзынбұлақ кордоны, Қонақбайсай шатқалы, 12.06.2023, 15♀, 12♂; Қапшағайдан 40 км төменде Іле өзені аңғары, 10.07.2023, 10♀, 12♂; түнгі жарыққа ұсталды. Дендробионт (*Tamarix*, *Myricaria*, *Salix alba*, гүл шоғырларында); мезофил; кең олигофитофаг (тұқымдарымен қоректенеді); моновольтинді (Пучков, 1969); ересек даралары қыстайды.

Holcocranum saturejae (Kolenati, 1845). Алтынемел МҰТП, Мыңбұлақ кордоны, 08.07.2023, 3♀, 4♂; Жантоғай кордоны, Іле өзені аңғары, 10.07.2023, 3♀, 2♂; Іле-Алатау МҰТП, Қырғауылды ауылы маңы. 11.07.2023, 3♀, 2♂. Дендробионт (талда); мезофил (жағалау тоғайлары); тар олигофитофаг; моновольтинді; ересек даралары қыстайды.

Кенереуілдер тұқымдасы – *Coreidae*

Gonocerus juniperi Herrich-Schaffer, 1839. Алматы қаласы, ботаника бағы, 14.07.2023, 1♀, 2♂; Іле Алатауы, Медеу шатқалы, 24.07.2006, 2♀, 3♂. Дендробионт (*Juniperus*, *Cupressus*, *Pinus*, *Picea*, *Guercus* және т.б.); мезо-ксерофил; кең олигофитофаг (негізінен аршада және басқа да қылқан жапырақты ағаштарда); моновольтинді; ересек даралары ағаш қабығының астында және орман жабынында қыстайды (Нейморовец, 2003).

Ағаш қалқаншалылары тұқымдасы - *Acanthosomatidae*

Acanthosoma forcipatum Reuter, 1881. Іле-Алатау МҰТП, Қарағайлы шатқалы, 24.06.2023, 2♀, 3♂; Ақсай шатқалы, 25.07.2023. 1♀, 2♂; Жетісу Алатауы, Қызылауыз шатқалы, 10.07.2023, 2♀, 3♂. Дендро-тамнобионт (тауларда әртүрлі ағаштар мен бұталарда, әсіресе жеміс беретін ағаштарда кездеседі); мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Пучков, 1965; Кержнер, 1964).

Elasmucha dorsalis (Jakovlev, 1876). Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.07.2023, 3♀, 2♂; 31.07.2023, 1♀, 2♂; Іле-Алатау МҰТП, Қарағайлы шатқалы, 24.06.2023, 2♀, 2♂; Ақсай шатқалы, 25.07.2023. 2♀, 1♂. Дендро-тамнобионт (әртүрлі ағаштар мен бұталарда); мезофил (орманда); полифитофаг; моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Кержнер, 1972).

Elasmucha grisea grisea (Linnaeus, 1758). Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Байсейіт ауылы маңы, 19.06.2023, 2♀, 2♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 12.07.2023, 1♀, 2♂; Жетісу Алатауы, Қояндытау тауы, Қайыңды шатқалы. 30.07.2023, 3♀, 2♂.

Дендробионт (қайың өсетін барлық жерде кездеседі); мезофил (орманда); кең олигофитофаг (*Betula*, *Alnus*); моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Пучков, 1967; Кержнер, 1972).

Нағыз қалқаншалылар тұқымдасы - *Pentatomidae*

Jalla dumosa (Linnaeus, 1758). Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы маңы, Шелек өзені аңғары, 24.06.2023, 1♀, 1♂; Қапшағайдан 40 км төменде Іле өзені аңғары, 8-14.07.2023, 5♀, 7♂; Балқаш ауданы, Миялы ауылы маңы, Іле өзенінің орта ағысы, 08.07.2023, 3♀, 2♂; Іле Алатауы, Ақсай шатқалы, 16.07.2023, 3♀, 2♂. Дендрохортобионт (түрлі ағаштар мен шөптесін өсімдіктерде); мезофил (орманды дала аймағы, субальпілік шалғындар шегіндегі тауларда, сирек ормандардың мезофиттік учаскелерімен, орман шалғындарымен экологиялық жағынан байланысты); зоофаг (әртүрлі ұсақ буынаяқтылармен қоректенеді); моновольтинді; ересек даралары қыстайды. Әдебиетте (Пучков, 1961) сонымен қатар қандалалар мен дернәсілдері жұпаргүл (*Oryganum*), жалбыз (*Mentha*) сияқты хош иісті өсімдіктердің шырындарымен қоректенетіні атап өтілген.

Picromerus bidens (Linnaeus, 1758). Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жандосов елді мекені маңы, 17.06.2023, 3♀, 2♂; Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы маңы, Шелек өзені аңғары, 24.06.2023, 1♀, 3♂; Алтынемел МҰТП, Шыған кордоны, 07.07.2023, 1♀, 1♂. Дендробионт (орман аймағы, орманды дала, таулы-орман белдеуі, кей жерлерде далаға, кең жапырақты, аралас және қылқан жапырақты ормандарға енеді, тауларға орманның жоғарғы шекарасына дейін көтеріледі); мезофил (орман шалғындары, шалғындар, өзен аңғарларының ағаш-бұта өсімдіктері, қайың-көктерек шоғырлары, кейде кен орындары мен егістіктерде); зоофаг (әртүрлі кішкентай буынаяқтылармен қоректенеді, кейде өсімдік шырынымен де қоректенеді); моновольтинді; жұмыртқалары қыстайды (Кержнер, 1964; Гидаят, 1982).

Rhacognatus punctatus (Linnaeus, 1758). Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Масақ ауылы маңы, Шелек өзені аңғары, 22.06.2023, 1♀, 1♂; Қарасай ауданы, Жандосов елді мекені маңы, 17.06.2023, 1♀, 2♂; Іле Алатауы, Қарғалы шатқалы, 10.07.2023, 4♀, 2♂; Ақсай шатқалы, 14.07.2023, 3♀, 2♂. Дендробионт (орман аймағы, орманды дала, таулы-орман белдеуі, аралас ормандарда, **Salix**, **Betula**, көктерек, таңқурай, қалақай және т. б. өсімдіктерде); мезофил (ылғалданған орман шалғындары, ағаш-бұта өсімдіктері бар өзен аңғарларында); зоофаг (түрлі ұсақ буынаяқтылармен қоректенеді); моновольтинді; ересек даралары қыстайды. Жаңа буынның ересек даралары тамыздың ортасында пайда болады (Иосифов, 1981).

Zicrona caerulea (Linnaeus, 1758). Алматы облысы, Іле-Алатау МҰТП, Шамалған шатқалы, 10.07.2023, 3♀, 2♂; Алма-Арасан шатқалы, 21.07.2023, 2♀, 1♂; Қарағайлы шатқалы, 20.07.2023, 1♀, 2♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 14-20.07.2023, 3♀, 4♂. Дендро-тамно-хортобионт; мезофил (далада, ормандарда, ағаш екпелерінде және олардың жанында, көбінесе шөптесіндерде, шалғындарда *Polygonum* sp. және т.б., 800-2600 м дейінгі тауларда, субальпілік шалғындарда); зоофаг (әртүрлі ұсақ буынаяқтылармен қоректенеді, жапырақ жейтін қоңыздардың *Haltica* spp. дернәсілдерін жояды); моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Пучкова, 1961). Алматы облысы Қызыл кітабына енгізілген.

Chlorochroa pinicola (Mulsant & Rey, 1852). Іле Алатауы, Медеу шатқалы, 17.06.2023, 2♀, 3♂; Алматы қаласы маңы, Көктөбе шатқалы, 23.06.2023, 1♂; Алматы қаласы, ботаника

бағы, 15.07.2023, 2♀, 1♂. Дендробионт (қылқан жапырақты ағаштарда: арша, шырша, көбіне қарағайда); мезофил (орман аймағы, орманды дала, тау-орман белдеуі); тар олигофитофаг (*Pinus* туысы түрлері); моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Thomas, 1983).

Apodiphus integriceps Horvath, 1888. Алматы қаласы маңы, 30.06.2023, 4♀, 7♂, алмада, шиеде; Жетісу Алатауы, Шолақ шатқалы, 25.07.2023, 7♀, 8♂; Шарын МҰТП, Темірлік өзені аңғары, 24.07.2023, 5♀, 4♂. Дендробионт (теректерде, алма ағаштарында, сондай-ақ талдарда, қарағаштарда, шынарларда және басқа да ағаштарда, ең алдымен елді мекендерде); мезофил; полифитофаг; моновольтинді; ересек даралары үйлерде және басқа да құрылыстарда қыстайды. Тұт пен жидеге зиян келтіреді (Асанова, 1969; Гидаятов, 1982).

Rhapigaster brevispina Horvath, 1889. Алматы қаласы, ботаника бағы, 12-14.07.2023, 5♀, 3♂; 29.07.2023, 5♀, 4♂; Алтынемел МҰТП, Шыған кордоны, 23.07.2023, 1♀, 2♂; Шолақ кордоны, 25.07.2023, 10♀, 9♂; Жантоғай кордоны, Іле өзені аңғары, 26.07.2023, 1♀, 2♂. Дендробионт (талда, жидеде, қарағашта); мезофил (орман аймағында); полифитофаг (тұқымның құрамымен қоректенеді); моновольтинді; ересек даралары қыстайды (Кержнер, 1972).

Piezodorus lituratus (Fabricius, 1794). Іле Алатауы, Қарғалы шатқалы. 26.07.2023. 2♀, 2♂; Алматы қаласы, ботаника бағы, 23.06.2023, 2♀, 2♂; 12.07.2023, 1♀, 2♂; 28.07.2023, 2♀, 1♂; Баум тоғайы, 25.07.2023, 1♀, 2♂. Дендро-тамно-хортобионт; мезофил (дала, биік шөпті шалғындар, жайылмалы орман шеттері мен шабындықтары, тауларға 1500 м дейін биіктікке көтеріледі); кең олигофитофаг (әртүрлі бұршақ дақылдарында *Leguminosae*: *Vicia*, *Caragana* және т.б., жас ересектер ағаштар мен бұталардың көптеген түрлерінде жиі кездеседі (Пучков, 1961); моновольтинді; ересек даралары қыстайды.

Зерттеу нәтижелері

Төменде 2023 жылы Оңтүстік-Шығыс Қазақстан ағаш жартылай қаттықанаттыларын зерттеу нәтижелері беріліп отыр (кесте 1).


Кесте 1

Оңтүстік-Шығыс Қазақстан ағаш жартылай қаттықанаттыларының таксондық құрамы

| Тұқымдас | Түр | Саны | % |
|--------------|---|------|----|
| Anthocoridae | <i>Acomporis pilipes</i> Stys, 1960 <i>Anthocoris minki pistaciae</i> Wagner, 1957 <i>Anthocoris pilosus</i> (Jakovlev, 1877) <i>Elatophilus stigmatellus</i> (Zetterstedt, 1838) <i>Tetraphleps aterrima</i> (J.Sahlberg, 1878) <i>Orius horvathi</i> (Reuter, 1884) <i>Orius minutus</i> (Linnaeus, 1758) | | |
| Reduviidae | <i>Rhynocoris annulatus</i> (Linnaeus, 1758) <i>Rhynocoris iracundus</i> (Poda, 1761) | 2 | 6 |
| Miridae | <i>Deraeocoris annulipes</i> (Herrich-Schaffer, 1842) | 9 | 26 |

| | | | |
|------------------|--|----|-----|
| | <i>Lygocoris rugicollis</i> (Fallen, 1807) <i>Blepharidopterus angulatus</i> (Fallen, 1807) <i>Cylloceria decorata</i> (Kiritshenko, 1931) <i>Orthotylus bilineatus</i> (Fallen, 1807) <i>Orthotylus nassatus</i> (Fabricius, 1787) <i>Pilophorus confusus</i> (Kirschbaum, 1856) <i>Atractotomus mali</i> (Meyer-Dur, 1843) <i>Campylomma verbasci</i> (Meyer-Dur, 1843) | | |
| Aradidae | <i>Aneurus avenius avenius</i> (Dufour, 1833) <i>Aradus flavicornis</i> Dalman, 1823 <i>Aradus lugubris</i> Fallen, 1807 | 3 | 8 |
| Lygaeidae | <i>Artheneis intricata</i> V.G. Putshkov, 1969 <i>Holcocranum saturejae</i> (Kolenati, 1845) | 2 | 6 |
| Coreidae | <i>Gonocerus juniperi</i> Herrich-Schaffer, 1839 | 1 | 3 |
| Acanthosomatidae | <i>Acanthosoma forcipatum</i> Reuter, 1881 <i>Elasmucha dorsalis</i> (Jakovlev, 1876) <i>Elasmucha grisea grisea</i> (Linnaeus, 1758) | 3 | 8 |
| Pentatomidae | <i>Jalla dumosa</i> (Linnaeus, 1758) <i>Picromerus bidens</i> (Linnaeus, 1758) <i>Rhacognatus punctatus</i> (Linnaeus, 1758) <i>Zicrona caerulea</i> (Linnaeus, 1758) <i>Chlorochroa pinicola</i> (Mulsant & Rey, 1852) <i>Apodiphus integriceps</i> Horvath, 1888 <i>Rhapigaster brevispina</i> Horvath, 1889 <i>Piezodorus lituratus</i> (Fabricius, 1794) | 8 | 23 |
| 8 | | 35 | 100 |

Оңтүстік-Шығыс Қазақстан ағаш жартылай қаттықанаттыларын зерттеу нәтижесінде 8 тұқымдасқа жататын 35 түр анықталды. Бұлардың ішінде түр құрамы жағынан басым Miridae тұқымдасы (9 түр), Pentatomidae тұқымдасы (8 түр), Anthocoridae тұқымдасы (7 түр), қалған 5 тұқымдастан 1-3 түрден белгілі болды (сурет 1).



Сурет 1. Түрлерді тұқымдастарға бөлу


Қорытынды

Ағаш жартылай қаттықанаттылары тіршілік ету ортасына қарай дендробионт, дендро-тамнобионт, дендро-тамно-хортобионт, дендро-хортобионт болып бөлінеді (сурет 2). Дендробионттар (22 түр): *Acomporis pilipes*, *Anthocoris minki pistaciae*, *Elatophilus stigmatellus*, *Tetrableps aterrima*, *Deraeocoris annulipes*, *Blepharidopterus angulatus*, *Cylloceria decorata*, *Orthotylus bilineatus*, *Orthotylus nassatus*, *Pilophorus confusus*, *Atractotomus mali*, *Aneurys avenius avenius*, *Aradus flavicornis*, *Aradus lugubris*, *Artheneis intricata*, *Holcocranium saturejae*, *Gonocerus juniperi*, *Elasmucha grisea grisea*, *Picromerus bidens*, *Rhacognatus punctatus*, *Chlorochroa pinicola*, *Rhapigaster brevispina*.

Аңдатпа. Соңғы уақытта әлемде қоғамдастықтағы әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістер ұлтаралық, діни, аумақтық және басқа да бірқатар қақтығыстардың көбеюіне әкеліп соқтыруда. Бұл қарама-қайшылықтар мен қарулы қақтығыстар санының артуы адамдардың психикалық және соматикалық денсаулығының бұзылуына әкеледі. Бұдан басқа, Қазақстанда ересектер арасында мезгілсіз өлім-жітімнің ұлғаюында жүрек-қан тамырлары аурулары жетекші орын алады.

Зерттеу нәтижесінде Ауған соғысы ардагерлерінде жүрек-қан тамырлары ауруларының жоғары таралуы анықталды, ардагерлердің 55,9%-ы – артериялық гипертензия (АГ) және 30,7%-ы – жүректің ишемиялық ауруына (ЖИА) жиі диагноз қойылды. Екінші, коморбидтік (қосарлас) жағдай: ЖИА және цереброваскулярлық аурулармен (100%-да), ЖИА және АГ екінші орында (82,4%-да), содан кейін пайда болу жиілігі бойынша – остеоартрит (35,8%-да), жүйке-психиатриялық бұзылулар (27,5%-да) 2-типті қант диабеті (18,3%-да) зерттелгендер арасында қатар жүретін жағдайлар саны артып келеді. Тиісінше, аурудың клиникалық көрінісі өзгереді, бұл ауруханаға жатқызу жиілігінің жоғарылауына, стационарлық емдеу ұзақтығына әкеліп, пациенттердің дәрілік терапиясының тиімділігі төмендейді.

Өткен уақыттың ұзақтығына қарамастан, травматикалық оқиға соғыс ардагерлерінің психоэмоционалды және физиологиялық жағдайына әсер етіп, созымалы түрге ауысады. Кардиологиялық және метаболикалық сырқаттары бар адамдар санатын ертерек анықтау және оңалту шараларын оңтайландыру қажеттілігі ардагерлердің дұрыс күтімін, жалпы әл-ауқатын және өмір сүру сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды зерттеу саласы болып қала береді.

Түйін сөздер: жүрек-қан тамырлары аурулары (ЖҚА), кардиометаболикалық аурулар, соғыс ардагерлері, қатар жүретін аурулар, артериялық гипертензия (АГ), жүректің ишемиялық ауруы (ЖИА).

E.V. Ossadchaya¹, R.K. Tatayeva¹, A.N. Alekhin²

¹*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*A.I. Herzen Russian State Pedagogical University, Saint Petersburg, Russia*

Association between participation in combat operations and the risk of comorbid cardiometabolic and cardiovascular diseases in veterans of the Afghan war

Abstract. Recently, socio-political and economic transformations in the world community have led to an increase in the number of interethnic, religious, territorial and a number of other

conflicts. These contradictions and the increase in the number of armed clashes lead to disruption of people's mental and physical health. In addition, cardiovascular diseases occupy a leading position in Kazakhstan, as well as throughout the world, in the structure of disability and the increase in premature mortality among adults. Thus, as a result of the study, we identified a high prevalence of cardiovascular diseases in veterans of the Afghan War, where arterial hypertension (AH) was most often diagnosed in 55.9% and coronary heart disease (CHD) in 30.7% of veterans. On the other hand, the number of problems of comorbid conditions is increasing in those studied with IHD and cerebrovascular diseases (CVD) (in 100%), in second place is IHD and hypertension (in 82.4%), next in frequency is osteoarthritis (OA) (in 35.8%), neuropsychiatric disorders (in 27.5%), diabetes mellitus (DM) type 2 (in 18.3%). Accordingly, the clinical picture of the disease changes, which leads to an increase in the frequency of hospitalizations, the duration of inpatient treatment, and the effectiveness of drug therapy for patients decreases.

Thus, despite the length of time that has passed, the traumatic event continues to affect the psycho-emotional and physiological state of war veterans, becoming chronic. Mainly reflected in the form of disorders of cardiovascular and cardiometabolic diseases, complicated by combined pathologies. The need for earlier identification of individuals with cardiac and metabolic diseases and optimization of rehabilitation interventions remains an important area of research to ensure appropriate care and support the overall well-being and quality of life of veterans.

Keywords: cardiovascular diseases (CVD), cardiometabolic diseases, war veterans, comorbidity, arterial hypertension (AH), coronary heart disease (CHD).

References

1. Inoue C., Shawler E., Jordan C.H., Jackson C.A. Veteran and Military Mental Health Issues. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.ncbi.nlm.nih.gov/books/NBK572092/> (accessed: 15.07.2023).
2. Zimmer Z., Fraser K., Korinek K., Akbulut-Yuksel M., Young Y.M., Toan T.K. War across the life course: examining the impact of exposure to conflict on a comprehensive inventory of health measures in an aging Vietnamese population, *International Journal of Epidemiology*, 50(3), 866-879 (2021).
3. Vertkin A.L., Skotnikov A.S., Romyancev M.A. i soavt. Komorbidnost': ot istokov razvitiya do sovremennogo ponyatiya. Kak ocenit' i prognozirovat' [Comorbidity: from the origins of development to the modern concept. How to evaluate and predict], *Kardiologiya [Cardiology]*, 7(9), 4-14 (2011). [in Russian]
4. Masimova A.E., Mamedov M.N. Osobennosti faktorov riska serdechno-sosudistyh zabolevanij i ishemicheskoy bolezni serdca sredi voennosluzhashchih [Features of risk factors for cardiovascular diseases and coronary heart disease among military personnel], *Kardiovaskulyarnaya terapiya i profilaktika [Cardiovascular therapy and prevention]*, 20(1), 71-75 (2021). [in Russian]
5. Shrestha A., Ho T.E., Vie L.L., Labarthe D.R., Scheier L.M., Lester P.B., Seligman M.E.P. Comparison of Cardiovascular Health Between US Army and Civilians, *Journal of the American Heart Association*, 8(12), 1-12 (2019).
6. Edmondson D., von Känel R. Post-traumatic stress disorder and cardiovascular disease, *Lancet Psychiatry*, 4(4), 320-329 (2017).

7. Edmondson D., Kronish I.M., Shaffer J.A., Falzon L., Burg M.M. Posttraumatic stress disorder and risk for coronary heart disease: a meta-analytic review, *American Heart Journal*, 166(5), 806-14 (2013).
8. Miao X.R., Chen Q.B., Wei K., Tao K.M., Lu Z.J. Posttraumatic stress disorder: from diagnosis to prevention, *Military Medical Research*, 5(1), 32 (2018).
9. Alexander-Bloch A.F., Raznahan A., Shinohara R.T., Mathias S.R., Bathulapalli H., Bhalla I.P., Goulet J.L., Satterthwaite T.D., Bassett D.S., Glahn D.C., Brandt C.A. The architecture of co-morbidity networks of physical and mental health conditions in military veterans [Electronic resource]. – Available at: <https://doi.org/10.1098/rspa.2019.0790> (accessed: 16.08.2023).
10. Garfield L.D., Scherrer J.F., Hauptman P.J., Freedland K.E., Chrusciel T., Balasubramanian S., Carney R.M., Newcomer J.W., Owen R., Bucholz K.K., Lustman P.J. Association of anxiety disorders and depression with incident heart failure, *Psychosomatic Medicine*, 76(2), 128-36 (2014).
11. Ekusheva E.V. Pozhiloy pacient s komorbidnoj patologiej v praktike kardiologa [An elderly patient with comorbid pathology in the practice of a cardiologist] *RMZh. Medicinskoe obozrenie [RMJ. Medical Review]*, 11, 26-9 (2018). [in Russian]

Сведения об авторах:

Осадчая Е.В. – автор для корреспонденции, магистр технических наук, PhD докторант кафедры общей биологии и геномики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукан, 13/2, Астана, Казахстан.

Татаева Р.К. – доктор медицинских наук, профессор кафедры общей биологии и геномики, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукан, 13/2, Астана, Казахстан.

Алехин А.Н. – доктор медицинских наук, профессор, заведующий кафедрой клинической психологии и психологической помощи, Институт психологии, Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена, наб. реки Мойки, 48, Санкт-Петербург, Россия.

Ossadchaya E.V. – corresponding author, Master of Engineering Science, PhD student of the Department of General Biology and Genomics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Kazhymukan, 13/2, Astana, Kazakhstan.

Tatayeva R.K. – Doctor of Medical Sciences, Professor of the Department of General Biology and Genomics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Str. Kazhymukan, 13, Astana, Kazakhstan.

Alekhin A.N. – Doctor of Medical Sciences, Professor, Head of the Department of Clinical Psychology and Psychological Assistance, Institute of Psychology, A.I. Herzen Russian State Pedagogical University, Str. Moika River, 48, St. Petersburg, Russia.



ХҒТАР 34.15.65

Шолу мақаласы

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7034-2024-146-1-160-187>

Асбест әсерінен туындаған өкпе аурулары жасушалық механизмдеріндегі митохондрияның рөлі

Р.И. Берсимбаев^{ID}, Г.С. Айнагулова*^{ID}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Жасушалық биология және биотехнология институты, Астана, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: galiya211083@yandex.ru

Аңдатпа. Митохондриялар оттегінің белсенді формаларының (ОБФ) негізгі көзінің бірі болып табылады, сондықтан олар жасушалық тотығу-тотықсыздану процестерін реттеуге және ОБФ сигнализациясына белсенді қатысады. Митохондриялық дисфункция биоэнергия алмасуында және көптеген өкпе ауруларының патогенезінде маңызды рөл атқарады. Митохондрияның тотығу фосфорлану процестері және жасушалық қызметтері әртүрлі жасушалар мен ұлпаларға тән. Сонымен қатар қызметтік және құрылымдық қасиеттері митохондриялар субпопуляцияларының болуына байланысты бір жасуша ішінде гетерогенді болуы да мүмкін. Митохондрияның қызметі жасушалық метаболизмнің өзгерістеріне жауап ретінде өзгеруі де күтіледі. Митохондриялық ДНҚ-ның (мтДНҚ) зақымдалуы митохондриялық дисфункцияның, соның ішінде электронды тасымалдау тізбегінің бұзылуына және митохондриялық мембрана потенциалының жоғалуына әсер етеді. Зақымдалған мтДНҚ қабыну және иммундық жауаптарды тудыратын зақымданумен байланысты молекулалық үлгі ретінде жүреді.

Асбест әртүрлі өкпе ауруларын тудырады, олардың жасушалық молекулалық механизмдері толық зерттелмеген. Асбест талшықтары өкпенің эпителий жасушаларында және макрофагтарда митохондриялық ОБФ өндірісін тудыруы мүмкін. Бұл шолу мақалада асбестпен ағзаға әсер еткенде митохондрия қызметінің молекулалық механизмдері, сонымен қатар мтДНҚ, оттегінің белсенді формаларының түзілуі мен зақымдануы, өкпе ұлпаларындағы митохондриялардың ультрақұрылымдық өзгерістеріне асбесттің әсері және митохондриялардың функционалдық белсенділігіндегі микроРНК-ның рөлі қарастырылды.

Түйін сөздер: асбест, митохондриялар, ОБФ, өкпе аурулары, мтДНҚ, апоптоз, иммундық жасуша реакциясы, микроРНК, митомиР.

Кіріспе

Митохондриялар – барлық эукариоттық организмдерде болатын қос мембраналы жасушалық органоидтар. Олар бірнеше компартменттерден, соның ішінде сыртқы мембранадан, мембрана аралық кеңістіктен, ішкі мембранадан, кристалардан және матрикстен тұрады. Әр бөліктің түрлі қызметтері бар. Митохондриялардың негізгі жасушалық қызметі аденозинүшфосфат (АҰФ) түріндегі энергияны өндіру болып табылады. Жасушадағы митохондриялардың саны бір мыңнан бірнеше мыңға дейін өзгереді және бұл сан ұлпалар мен ағзаның түріне байланысты [1,2].

Митохондриялар тотығу-фосфорлану арқылы энергияны өндіру сияқты негізгі қызметімен қатар, көптеген метаболикалық процестерге қатысып, басқа да түрлі жасушалық қызметтерді орындайды. Митохондриялар жасушалық тотығу-тотықсыздану потенциалын реттейді, маңызды метаболиттерді шығарады және апоптозды, аутофагия мен терморегуляцияны индукциялауда маңызды рөл атқарады, сонымен қатар сигналдарды тасымалдауға, жасуша дифференциациясына, жасушалық циклді реттеуге және жасушаның өсуіне қатысады [3,4].

АҰФ өндірісі ішкі митохондриялық мембранада орналасқан никотинамидадениндинуклеотид дегидрогеназа, цитохром с редуктаза және цитохром с оксидаза сияқты көптеген ақуыздарға байланысты. Бұл ақуыздар цитозольдағы пируватты, глюкозаны және НАДН-ны тотықтырып, энергия алмасуды жүзеге асырады. Бұл процесс мтДНҚ мутацияларының жоғары жиілігі бар митохондрияларда айтарлықтай тотығу стресіне әкеледі және бұл тотығу стресі ісіктің пайда болуына ықпал етуі мүмкін [5]. Митохондрияларға қызығушылық, олардың апоптозды индукциялаудағы маңызды рөлін ашқаннан кейін күрт өсті [6,7].

Митохондриялар жасушалық метаболизмнің өзгеруіне жауап ретінде өздерінің қасиеттерін де өзгерте алады. Әртүрлі жасушалардың энергия қажеттілігінің өзгермелілігі жасушалардың әртүрлі типтеріндегі митохондриялардың көшірмелерінің санын анықтайды [8]. Дегенмен, көшірме санына қарамастан, тыныс алу тізбегінің қалыпты жиналуы мен қызметі үшін функционалды митохондриялық геном қажет.

Құрылымдық жағынан адамның мтДНҚ-сы ядролық ДНҚ-мен салыстырғанда кішірек болады: мтДНҚ-ның ядролық ДНҚ-дан өлшемінен басқа ерекшеліктерінің бірі, қос тізбекті сақиналы құрылымы, оның ұзындығы шамамен 16 мың жұп нуклеотидті құрайды. Жалпы алғанда, адамның мтДНҚ-сында 37 ген бар, оның 13-і электронды тасымалдау тізбегінің маңызды құрамдас бөліктері болып табылатын ақуыздарды кодтауға арналған. Қалған митохондриялық гендер 22 тРНҚ және 2 рРНҚ-дан тұрады. Сонымен қатар, гистондар мен интрондардың болмауына, мтДНҚ-ның тиімсіз оқылуына және қалпына келуінің нашар жүйесіне байланысты митохондриялық ДНҚ, белсенді оттегі түрлері сияқты ішкі және сыртқы деградациялық факторларға көбірек сезімтал болады [9].

Соңғы бірнеше онжылдықта жүргізілген ауқымды зерттеулер, асбестпен индукцияланған өкпе ауруларының молекулалық және жасушалық механизмдеріне митохондриялар қатысының көптеген маңызды механизмдері анықталды [10-12].

Мақалада асбесттің өкпе ауруларына митохондриялық қызмет ету механизмдерінің әсері туралы заманауи түсініктер қаралды.

1. Асбестпен байланысты өкпе аурулары

Асбест табиғатта кездесетін талшықты минералдар тобынан тұрады. Созылуға беріктігі, жылу өткізгіштіктің төменділігі және химиялық әсерге салыстырмалы түрде төзімді келуі сияқты ерекше қасиеттеріне байланысты, асбест талшықтары өнеркәсіпте бұрыннан қолданылып келеді. Табиғи қасиеттеріне байланысты коммерциялық қолдану мақсатында асбест құрылыс, автомобиль және кеме жасау өнеркәсібінде танымал болды [13]. Өндірістік ортадағы жұмысшылардың көптеген топтары, сондай-ақ асбесті өндірумен, өңдеумен және өнеркәсіптік пайдаланумен байланысты қалаларда тұратын халықтың едәуір бөлігі асбест шаңының әсеріне ұшырайды.

Асбест талшықтары пішініне қарай екі түрге бөлінеді: серпентин және амфибол. Серпентинді иректелген асбест талшықтарына хризотил жатады. Дем алу кезінде мұндай талшықтар тыныс алу жолдарының шырышты қабаты айқынырақ болатын жоғарғы тыныс жолдарына енеді. Өз кезегінде амфиболды асбест талшықтарының (крокидолит, амозит, тремолит, антофиллит) уыттылығы жоғары, пішіні түзу және бронхтардың эпителий ұлпасына ине тәрізді кіреді [14,15]. Халықаралық қатерлі ісіктерді зерттеу агенттігі асбесттің барлық анықталған түрлерін бірінші санатты канцерогендер тізіміне жатқызды [16].

Асбест плевра аурулары (плевра фиброзы және плевра бляшкалары), үдемелі өкпе фиброзы (асбестоз), өкпенің ұсақ жасушалы және ұсақ жасушалы емес карциномасы, қатерлі мезотелиома және өкпе ісігі сияқты өкпе ауруларымен байланысты [11,17]. Асбест талшықтары әсер еткеннен кейін көп ұзамай альвеолярлы эпителий жасушаларының ішіне енеді, нәтижесінде жасушалар зақымдалып, өткізгіштік пен пролиферацияның жоғарлауына әкеледі. Өкпенің қатерлі ісігінің негізгі гистологиялық түрлері және барлық дерлік мезотелиомалар асбест әсерінен туындауы мүмкін [18,19]. Асбест талшықтары өкпе жасушаларының қатерлі ісігін тудыратын генетикалық, эпигенетикалық және жасушалық зақымдануды тудыруы мүмкін [20,21]. Дүние жүзіндегі барлық өкпе ісігі жағдайларының 5-7% асбесттің жоғары деңгейіне байланысты деп есептеледі және негізінен ол кәсіптік (мысалы, тау-кен өндірісі) түрде болады [22]. Асбест өнеркәсібіндегі жұмысшылар арасындағы кәсіптік қатерлі ісік өлімінің жартысына жуығы асбестпен байланысты. Асбестпен байланысты өкпе аурулары бүкіл әлемде денсаулық сақтаудың басты проблемасы болып табылады [13,14].

Асбесттің уытты әсері жинақталған дозаға және алғашқы әсерден кейінгі өткен уақытқа байланысты. Асбестпен байланысты аурулар әдетте ағзаға асбест талшықтарының алғашқы әсерінен кейін 15-40 жылдан кейін пайда болады [11]. Барлығына белгілі, өкпе жоғары оттегі ортасында болады және оның ауданы айтарлықтай кең, сондай-ақ қанмен көп мөлшерде қамтамасыз етілуі, өкпені тотығу стресінен туындаған зақымдануға бейім етеді. Өкпенің эпителий жасушаларында,

макрофагтарда және басқа қабыну жасушаларында антиоксиданттық қорғаныс жүйесінің бұзылуы ұлпаларда белсенді оттегі түрлерінің жоғары деңгейіне әкелуі мүмкін [23].

Асбестпен байланысты өкпе аурулары жалпы клиникалық және денсаулыққа қауіпті мәселе болып табылады [17,18]. Асбесттің қатерсіз және қатерлі ауруларға әкелуі мүмкін бірнеше механизмдері бар, оларға хромосомалық деңгейдегі өзгерістер, онкогендердің белсендірілуі, ісіктерді басатын супрессор-гендердің жоғалуы, жасушалық сигнал беру жолдарының өзгеруі, белсенді оттегі түрлерінің генерациясы, апоптоз және тікелей жасушалардың асбест талшықтарымен механикалық зақымдануы кіреді [18,23].

2. Митохондрия, асбест, оттегінің белсенді формалары және тотығу стресі

Асбест шаңы адам жасушаларымен әрекеттескенде, асбест силикаттары катиондарды тартады және байланыстырады, ал өкпеде асбест талшықтары өз бетінде иондарды ұстайды және сол арқылы жасушалық ортаның бұзылуына ықпал етеді [12]. Бұл процестер жасуша мен ДНҚ зақымдануын бастайтын және асбесттің генотоксикалық әсерін түсіндіретін ОБФ тудыруы мүмкін [10,12].

Оттегінің белсенді формалары сыртқы орбитада жұпталмаған электроны бар молекулалық бөлшектер болып табылады және олар жасуша ақуыздарын, нуклеин қышқылдарын және жасуша мембранасының липидтерін зақымдайтын жоғары экономикалық функцияға ие. Тотығу фосфорлану процесінде организмге жеткізілетін оттегінің шамамен 95% митохондрияда суға дейін тотықсызданады. Қалған 5% әртүрлі трансформациялар нәтижесінде (әдетте ферментативті түрде) оттегінің белсенді формаларына айналады, бұл жасушалар үшін өте уытты болып шығады. Оттегінің белсенді формаларына супероксид анионы, гидроксил радикалы, сутегі асқын тотығы және гипохлор қышқылы жатады. Алғашқы үш зат *in vivo* негізінен энергетикалық субстраттардың тотығу метаболизмі кезінде митохондриялық тыныс алу тізбегі арқылы түзіледі. Олар жасушалық гомеостазға қатысатын тотығу-тотықсыздануға сезімтал жолдардың реттеушілері болып табылады және эндогендік антиоксидант пулынан басқа бірнеше транскрипция факторларына әсер етеді.

Асбест әсерінен ОБФ өндірудің кем дегенде үш көзі бар, соның ішінде: а) талшық бетінің реактивтілігі; б) иммундық жасушалардан, әсіресе альвеолярлы макрофагтардан босап шығу; және с) өкпе эпителий жасушалары мен мезотелий жасушалары сияқты иммундық және басқа мақсатты жасушалардан шығарылатын митохондриялық ОБФ [24]. Кейбір асбест талшықтарындағы темірдің жоғары мөлшері, сондай-ақ асбесттің темірді *in vivo* адсорбциялауға бейімділігі темірмен индукцияланған Фентон реакциялары да ОБФ жоғарылауына, қабынуға және канцерогенезге ықпал етеді деген болжамға әкелді [13,14]. Өкпе ұлпасының зақымдалуының негізінде ОБФ және олардың әсерінен пайда болатын тотығу стресі жатқаны белгілі [25].

Қазіргі уақытта тотығу стресінің маркерлері ретінде бос радикалдардың әсерінен алынған тотығу субстраттары, атап айтқанда: липидтердің асқын тотығу өнімдері (липидтердің асқын тотығы және малондиальдегиді), изопростан (арахидон

қышқылының бос радикалдарының тотығу өнімі), және ДНҚ зақымдануының көрсеткіштері ретінде-тимингликоль және 8-гидроксигуанин (8-OHdG) қолданылады.

Тотығу стресі апоптозды, гендік мутацияларды, хромосомалық аберрацияларды және жасуша трансформациясын дамытады [26,27]. Асбесттің жанама әсерлері әдетте үш санатқа бөлінеді: плевра ауруы, өкпе паренхимасының ауруы және ісік аурулары. Плевра әсерлеріне плевралық эффузиялар, бляшкалар және плевраның диффузды қалыңдауы жатады. Паренхимада дөңгелектенген ателектаздар, фиброзды баулар, асбестоз байқалады [11,12].

Жоғарыда айтылғандай, митохондриялар белсенді оттегі түрлерінің негізгі көздерінің бірі болып саналады, сондықтан олар жасушалық тотығу-тотықсыздану процестерін реттеуге және ОБФ сигнализациясына белсенді қатысады [28]. Асбест бірнеше механизмдер арқылы ОБФ өндірісін тудырады, олар ішінара қабыну жасушаларының белсендірілуін, асбест талшықтарындағы темірдің иондық күйін, митохондрияларды және басқа жасушаішілік көздерді қамтиды [12,13]. Асбест талшықтары мтДНҚ-ға [10] және функционалды электрон тасымалдауға әсер етеді, нәтижесінде митохондриядан алынған ОБФ [13] түзіледі. Митохондриялар ОБФ-тәуелді жолдарда негізгі орталық рөл атқарады және биоэнергетикалық метаболизм мен көптеген өкпе ауруларының энергетикалық емес патогенезінде митохондриялық дисфункция маңызды рөл атқарады [24]. Митохондриялық геном өкпе жасушаларына тотығу стресінің цитотоксикалық реакциясын реттейді. ОБФ-индукцияланған митохондриялық дисфункция және зақымдалған митохондриялық ДНҚ фрагменттері өкпе фиброзының және өкпе ісіктерінің патобиологиясына қатысады [29].

Митохондриялар ОБФ генерациясы және тотығу-тотықсыздануға тәуелді сигнал беру арқылы жалпы жасушалық метаболизмді басқара алады және жасуша дифференциациясына, пролиферациясына, тіршілігіне және апоптозына әсер ететін бүкіл жасуша физиологиясын реттейді [24,29]. Асбест шаңының әсерінен туындаған тотығу стресі жасуша пролиферациясын, апоптозды және қабыну реакциясын қоздыратын митогенмен белсендірілген протеинкиназаларды, ядролық фактор κB (NF- κB) және бірнеше ақуыздарды қоса алғанда сигнал беру жолдарын белсендіре алатыны көрсетілген [10,12,19]. Қабыну ОБФ өндірісінің маңызды көзі болып табылады, өйткені асбесттің барлық түрлері цитокиндердің, хемокиндердің, протеазалардың және қабыну реакциясының дамуына ықпал ететін өсу факторларының бөлінуімен бірге жүретін бұзылған фагоцитоз деп аталатын процесс кезінде кеміргіштер мен адамдарда нейтрофилдер мен альвеолярлық макрофагтар арқылы ОБФ генерациясы белсендіріледі [19]. Асбестоздың жануардағы үлгісі альвеолярлы макрофагтардың митохондриялық H_2O_2 өндірісіндегі маңызды рөлін көрсетті [19].

Біздің зертханада жүргізілген зерттеулер хризотил асбестінің теріс жасушалық әсерлер тудыруы мүмкін екенін көрсетті. Асбестке жасушалық жауап реакциясының әртүрлі механизмдері белгілі. Асбест талшықтарының жасушаларға енуі ОБФ жоғарылауына әкеледі және жасушалық компоненттер мен ДНҚ-ның зақымдалуына әкелетін тотығу стресін тудырады. Нәтижесінде әртүрлі сигналдық жүйелер белсендірілуі мүмкін, бұл жасуша өлімін немесе фиброзды және одан әрі канцерогенезді тудырады. MRC5

жасуша (адамның қалыпты өкпе фибробласттары) желісіндегі эксперименттерде асбест шаңына ұшыраған ОБФ деңгейі талданды [30]. Тәжірибелер хризотилдің дозаға тәуелді әсерін көрсетті, доза неғұрлым жоғары болса және асбест талшықтарына әсер ету уақыты неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым жасушалық реакция айқынырақ болды. Жасушалық өзгерістер байқалған хризотил асбестінің ең төменгі дозасы 2,5 мкг/см² құрады. Адамның MRC5 фибробласт жасушалар мәдениетіндегі асбест талшықтарының интеркаляциясы жасушалық ОБФ өндірісін индукциялады. Жасушаларды хризотилмен өңдегенде ОБФ деңгейінің өзгеруі инкубациядан соң 6 сағаттан кейін ғана болды, ал жасушалық ОБФ деңгейінің жоғарылауы 24 сағат ішінде байқалды.

Сілтілік комета талдауы жеке жасушалардағы бір және қос тізбекті ДНҚ үзілістерін анықтауға арналған сезімтал сынақ екені белгілі. Көп жағдайда мұндай ДНҚ зақымдануының себептері ОБФ болып табылады. Бұрын, хризотилді асбест жасушалық тотығу стресті тудыруы мүмкін екендігі көрсетілген [30]. Хризотилді асбестпен әсерінен соң, 24 сағаттан кейін ОБФ-нің белсенді өндірісі байқалады. ДНҚ үзілістерінің жиілігі артқан сайын, ОБФ әсеріне ұшыраған геномдық ДНҚ фракциясынан тұратын комета құйрығы да артады. Жасушаларды хризотил асбестінің әртүрлі дозаларымен 24 сағат бойы өңдегеннен кейін комета құйрықтары бар ядролар табылды. Хризотилдің әсерінен бір және екі тізбекті ДНҚ үзілістері анықталғанын ескере отырып, хризотилді асбест ДНҚ тотығуына әкелетін жасушалық тотығу стресін тудырады деген қорытынды жасауға болады.

Бос радикалдардың тотығу күйін бағалаудың ең ақпаратты көрсеткіші липидтердің асқын тотығуының бастапқы өнімдері – диен конъюгаттары, ал хризотил асбест шаңының әсер ету маркері - 8-OHdG болып табылады. Безрукавникова және оның әріптестері [31] асбест өнеркәсібіндегі кәсіби жұмысшылардың жұмыс тәжірибесіне байланысты 8-OHdG деңгейін салыстырды. Көрсеткішті салыстыру кезінде жиырма жылдық жұмыс тәжірибесі бар топта 8-OHdG концентрациясы он жыл жұмыс өтілі бар жұмысшылармен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екені көрсетілді (165,84 ± 53,14 пг/мл - 20 жыл, 145,92 ± 54,37 пг/мл - 10 жыл). Бұл асбест бар шаңның әсер ету жағдайында жұмыс тәжірибесінің жоғарылауымен ДНҚ-ның тотығу зақымдану процесінің күшеюін көрсетеді. Митоз кезінде хромосомалардың бөліну сәтінде асбест талшықтарының механикалық әсерінен ДНҚ-ның зақымдалуы болуы да мүмкін.

Түрлі жағдайларға байланысты митохондриялық тыныс алу тізбегі тұтынатын оттегінің белгілі бір мөлшері ОБФ электрондарының түзілуімен қалпына келеді [28]. Кейін ОБФ сутегі асқын тотығына митохондриялық марганецті супероксиддисмутаза немесе цитозольді/митохондриялық Cu,Zn-типті супероксиддисмутазалары арқылы айналуы мүмкін [32]. H₂O₂, өз кезегінде, пероксиредоксин 3 және/немесе каталазаның қатысуымен жойылуы мүмкін. Осы реакциялар арқылы митохондриялар тыныс алу тізбегіндегі электрондардың оттегіге ауысуының және оның толық емес тотықсыздануының жанама өнімі ретінде үздіксіз ОБФ шығарады [33]. Супероксид радикалынан алынған сутегі асқын тотығы ең тиімді жасушалық екінші мессенджерлерінің бірі ретінде танылды. Митохондриялық ОБФ, әсіресе

патологиялық жағдайларда, өте маңызды ауыстырылмайтын SH-топтарының тотығуы арқылы, митохондриялық ДНҚ-ға, биологиялық мембраналық липидтерге және әртүрлі ақуыздар/ферменттерге зиянды әсер етуі мүмкін [34]. Сонымен қатар, ОБФ ферменттерінің модификациясы, мысалы, тиол топтарының тотығуы, жасушалық сигнал беру механизмдерінде маңызды рөл атқара алады [35]. Сондай-ақ белгілі бір концентрацияларда (әдетте төмен) ОБФ жасуша жұмысының қалыпты жағдайында жасуша сигнализациясына қатысатынын атап өткен жөн [36]. Осылайша, митохондриялар ОБФ генерациясы және тотығу-тотықсыздануға тәуелді сигнал беру арқылы жасушаның дифференциациясына, пролиферациясына, тіршілігіне және бағдарламаланған жасуша өліміне (апоптоз) әсер ететін жалпы жасушалық метаболизмді және бүкіл жасуша физиологиясын басқара алады [24,27,35]. Супероксидтің дисмутациясы басқа ОБФ, H₂O₂ түзілуіне әкеледі, ол айтарлықтай уытты болуы мүмкін. H₂O₂ детоксикациясына арналған ферменттердің бірі каталаза болып табылады, ол H₂O₂-нің O₂ және H₂O-ға айналуын катализдейді.

3. Митохондриялар, асбест және апоптоз

ДНҚ зақымдануынан туындаған жасушалық апоптоз, өкпенің ОБФ және асбестке реакциясын анықтайтын маңызды факторларының бірі болып табылады. Апоптоз ісік және асбесттен туындаған өкпе уыттылығы сияқты аурулар дамуының жасушалық гомеостазы үшін маңызды [37]. Өкпенің жедел зақымдалуында альвеолярлы жасушаның II типті гиперплазиясын шешуге жауапты негізгі жол апоптоз болып табылады. Апоптоз бен жасуша пролиферациясының арасындағы тепе-теңдік маңызды, себебі апоптоздың бұзылуынан қабыну реакциясы туындауы немесе қатерлі жасушалардың клондары дамуы күтіледі, ал шамадан тыс апоптоз эпителий тосқауылының дисфункциясына және өкпенің жарақатына ықпал етуі мүмкін [38].

Апоптоздың нақты молекулалық бақылауы анықталмаған, бірақ ОБФ әртүрлі агенттердің әсерінен кейін тікелей немесе екінші мессенджер ретінде апоптозды тудыратын маңызды ынталандырушылардың бірі болып табылады [39]. Альвеолярлы эпителий жасушаларының апоптозы өкпенің қалпына келуіне кедергі келтіретін және өкпе фиброзына ықпал ететін негізгі патофизиологиялық құбылыс болып табылады [40]. Ішкі митохондриялық мембрананың өткізгіштігі апоптоз кезінде мтДНҚ-ны шығаруға мүмкіндік береді. Асбест талшықтары мезотелий жасушаларында, альвеолярлы макрофагтарда және альвеолярлы эпителий жасушаларында апоптозды тудырады. Апоптоз немесе бағдарламаланған жасуша өлімі ДНҚ-ның ауқымды зақымдануы бар жасушаларда қабыну реакциясын тудырмай, жойылатын маңызды механизмі болып табылады [41].

Апоптозды реттеудің екі негізгі жолы бар, оның ішінде ішкі жол (митохондриямен реттеледі) және сыртқы жол (өлім рецепторы). Ішкі жол ОБФ, ДНҚ зақымдануы сияқты әртүрлі тітіркендіргіштермен белсендіріледі, сыртқы митохондриялық мембрананың өткізгіштігін жоғарылату, митохондриялық мембрана потенциалын ($\delta\psi m$) төмендету, цитохром c және проапоптотикалық Bcl-2 протеиндерін шығару арқылы ішкі өлім

жолын белсендіреді (мысалы, Bax, Bak, Bid және т.б.), олар каспаза-9, содан кейін төмендегі каспаза-3 белсендіреді [42]. Көптеген жасушаларда апоптоз митохондриялық жолға байланысты, өйткені митохондриялардан цитозольға бөлінген цитохромс каспаза протеазаларын белсендіреді. Bcl-2 туысты белоктардың антиапоптоздық мүшелері (Bcl-2, Bcl-XL, Mcl-1) жасушалардың өмір сүруіне ықпал етеді. Керісінше, проапоптотикалық (Bax және Bak, Bid, Bim және Bad) мүшелері проапоптотикалық ақуыздарды тарту арқылы апоптозды индукциялайды [43]. Митохондриялар механикалық сезімтал және цитоқаңқа кернеуді жасушадан тыс матрицадан (ЖТМ) митохондриялық желіге жібереді. Жауап ретінде митохондриялық мембрана потенциалы төмендейді. Проапоптотикалық ақуыздар созылумен индукцияланған митохондриялық апоптозға ықпал етеді. Эпителий жасушаларына ЖТМ бекінуінің жоғалуы Bax-тың тез жиналуына әкеледі. Сонымен қатар, F-актинді қайта құру митохондрияның кластерлеуі және өлім рецепторларын белсендіру үшін қажет [44].

Шукла мен оның әріптестерінің [45] зерттеулері альвеолярлы эпителий жасушаларының (АЭЖ) асбест тудыратын ішкі апоптоздына протеинкиназа С дельта ферментінің (PKC δ) маңызды рөлін көрсетті. *In vitro* және *in vivo* тәжірибелерде асбесттің әсерінен кейін PKC δ белсендіріледі және бұл фермент бронхиолярлық жасушалар мен АЭЖ митохондрияларына миграцияланады. Бұл зерттеулер PKC δ -ның әсері мен митохондриялық ОБФ өндірісі митохондриялық қызметінің өзгеруіне асбестпен индукцияланған ішкі апоптоздың қатысы бар екенін көрсетеді. ОБФ өндірісі және апоптоздың асбест талшықтарын интегриндер немесе басқа рецепторлар арқылы ішке енгізу қажеттігі туралы дәлелдер бар [46]. Сондай-ақ, асбест (хризотил, крокидолит және амозит) бронх-альвеолярлық түтік жасушаларында, дистальды альвеолярлы эпителийде және мезотелий жасушаларында апоптозды индукциялайтынын көрсететін, түрлі әдістермен бағаланған *in vivo* тәжірибелерде деректер бар [47].

Митохондриялық апоптоз иммундық жауапты тудырмай, өлі жасушаларды тез және тиімді жоюға мүмкіндік беретін жасуша өлімінің қабынусыз түрі болып саналады [48]. Митохондриялық апоптоздың қабынусыз сипаты үшін каспазаның белсенділігі маңызды, егер митохондрияның сыртқы мембранасының өткізгіштігінен кейін каспазалық белсенділік тежелсе, жасуша өлімі орын алады, бірақ I типті интерферон реакциясы және NF- κ B ядролық фактордың активтенуі жүреді. Бұл қабынуға қарсы цитокиндердің өндірілуіне және өліп жатқан жасушаға иммундық жауап қайтарады, яғни осы жағдай ісікке қарсы иммунитеттің бастамасы болады [49]. Сондықтан апоптотикалық каспаза белсенділігінің негізгі қызметі жасушаның өлуі кезіндегі қабынуды басу болуы мүмкін [50].

Асбест талшықтары мтДНҚ және функционалды электронды тасымалдауға әсер етеді, бұл митохондриялық ОБФ (мт ОБФ) өндірісіне әкеледі және өз кезегінде апоптозға делдалдық етеді. мт ОБФ өкпе ауруларының патогенезіне қатысады, олардың кейбіреулері идиопатиялық өкпе фиброзы, асбестоз, тыныс алу жолдарының созылмалы аурулары және өкпе ісігі [47,48]. ОБФ, соның ішінде H₂O₂, митохондриялық дисфункция, ДНҚ-ның зақымдану реакциясы (яғни p53 белсендіру), апоптоз, өсу

жасушаларының өзгеруі және сигналдарды өткізу сияқты биологиялық процестерді белсендіретін әртүрлі жасушалық мишеньдерді (яғни ДНҚ, ақуыздар және липидтер) тотықтырады, бұл тіндердің зақымдалуына, жараның жазылуының бұзылуына және фиброзға әкелуі мүмкін [51].

Апоптоздың жоғары деңгейі, өз кезегінде, еркін айналымдағы нуклеин қышқылдарының бір түрі - еркін айналымдағы митохондриялық ДНҚ (ea-мтДНҚ) есебінен өкпе тінінде қабыну процестерінің дамуының триггеріне айналуы мүмкін. Қатерлі неоплазияның әртүрлі түрлерінде, соның ішінде өкпенің қатерлі ісігінде ea-мтДНҚ-ның көшірмелерінің саны өзгереді [52]. TLR-9 рецепторлары арқылы еркін айналымдағы мтДНҚ NF-κB фактордың сигналдық жолының белсендірілуіне қатысады және соның салдарынан асептикалық қабынудың дамуы орын алады [16].

Хризотил асбестінің әсері жасуша апоптозын бастайтыны, с цитохромының бөлінуін және эффекторлық киназалармен қабыну цитокиндердің экспрессиясын арттыратыны белгілі [53]. Біздің тәжірибелеріміз хризотилмен 24 сағат инкубациялаудан кейін MRC5 адам фибробласт жасушаларының өміршеңдігінің төмендеуін көрсетті және 2,5 мкг/см² минималды әсер ету дозасы 48 сағаттан кейін жасуша өліміне себеп болды. Жасушаның өміршеңдігін бағалаудан басқа, біз жасушаларға хризотилді қосу арқылы өсірілетін қоректік ортадағы жасушадан тыс мтДНҚ көшірмелерінің санын зерттедік [30]. Тотығу стресінен туындаған митохондриядағы зақымданудың жиналуы тыныс алу қызметінің бұзылуына және соңында мтДНҚ-ның тотығуына әкеледі. Митохондриялық деградация нәтижесінде мтДНҚ цитозольға шығарылуы мүмкін және жасушалық жауаптардың кең ауқымын белсендіреді. Тотығу стресінің нәтижесінде 700 жуп нуклеотидтер мөлшеріндегі мтДНҚ фрагменттері босап шығатыны көрсетілген болатын. Біздің деректеріміз көрсеткендей, жасушадан тыс мтДНҚ мөлшері хризотилдің әсер ету ұзақтығына қарай артады. Ең көп көшірме сандары асбест талшықтарының барлық таңдалған концентрацияларына әсер еткеннен соң 48 сағаттан кейін анықталды. Тұтастай алғанда, жасушаның өміршеңдік деңгейі мен жасушадан тыс мтДНҚ көшірмелерінің саны арасында байланыс бар, бірақ бұл параметрлер арасында ешқандай корреляция табылған жоқ. мтДНҚ-ның бөлінуінің нақты механизмдері әлі де аз зерттелген. Бірақ митофагиядан кейін жасуша цитозольде жинақталған мтДНҚ-ны шығаратыны туралы деректер бар. Сондай-ақ, мтДНҚ-ның бөлінуі апоптоз немесе некроз нәтижесінде, жасуша мембранасы бұзылған кезде пайда болуы ықтимал. Шығарылған ea-мтДНҚ эндоцитоз арқылы басқа жасушаларға енеді және қабыну процесін қоздыратын қабыну сигналдары жолдарын белсендіреді.

Митохондриялар проапоптотикалық ақуыздарды, әсіресе с цитохромын шығару арқылы каспазаға тәуелді апоптозды күшейтеді. Бұл процесс митохондриялық кристалардың қайта құрылуымен бірге жүреді. Митохондриялық ішкі мембрана ақуызы болып табылатын митофилин апоптоз кезінде с цитохромының бөлінуін реттей отырып, кристаларды бақылаушы ретінде әрекет ететіні бұрын көрсетілген [54]. РНҚ көмегімен HeLa жасушаларында митофилиннің ноқдауыны, митохондриялық тордың бөлшектенуіне және кристалар ұйымдасуының бұзылуына әкелді. Митофилин

ақуызының тапшылығы бар жасушаларда ішкі апоптотикалық белсендіргіштердің әсерінен митохондриялық кристалар мен мембрана аралық кеңістік арасында с цитохромының қайта бөлінуі байқалды. Митофинді нокдаун жасушалары бақылау жасушаларына қарағанда ішкі апоптотикалық белсендіргіштердің әсерінен с цитохромының жылдам босап шығуына байланысты, апоптозға көбірек бейім екендігі анықталды [55].

4. Өкпе ұлпаларындағы митохондрияның ультрақұрылымдық өзгерістеріне асбесттің әсері

Митохондрияда әртүрлі архитектуралық екі мембрана бар екенін жоғарыда атап өттік, сыртқы мембрана органоидты қоршайды, ал ішкі мембрана екі доменнен (аймақтан) тұрады [1,2]. Сыртқы мембранаға іргелес жатқан ішкі шектеуші мембранада көптеген ақуыздар - транслоказалар бар. Ішкі мембранада кристалар тыныс алу тізбегі мен АТФ синтазасының кешендерін тасымалдайтын терең инвагинацияларды түзеді [3]. Митохондриялардың ең негізгі ерекшелігі - жасушалық зат алмасудың әртүрлі өзгерістеріне жауап ретіндегі морфологиясының динамикалық маңызы. Олардың пішіні, орналасуы, мөлшері мен саны ғана емес, сонымен қатар ішкі ұйымдасуы, яғни ультрақұрылымы да өзгеруі мүмкін [5]. Асбестпен әсер еткенде пайда болатын ультрақұрылымдық өзгерістер әдетте әсер ету дозасына байланысты болады. Өкпе митохондрияларындағы бұл өзгерістерді сипаттау үшін, олардың морфометриялық құрылымына талдау жүргіздік [56].

Біз жануарлардың бақылау тобындағы митохондриялардың барлық эукариоттық жасушаларға тән қалыпты құрылымға ие екендігін көрсеттік: ішкі митохондриялық мембрана көптеген біркелкі параллель қатарларға орналасқан кристаларды түзеді және олар митохондрияның бүкіл кеңістігін толтырады. Олардың митохондриялық матриксі жақсы анықталған, сыртқы және ішкі мембраналардың арасында мембрана аралық кеңістік бар және кристалар ішінде жіңішке саңылаулар анық көрінеді [56]. Асбест шаңының 25 мг және 50 мг дозасына ұшыраған егеуқұйрықтардың өкпелік митохондрияларының ультрақұрылымында өзгерістер пайда болады: кристалар саны айтарлықтай азаяды және олар параллель орналаспайды. Кристалар митохондриялардың ішкі кеңістігін толық толтырмайды, сыртқы және ішкі мембраналары кеңейіп, олардың параллель орналасуы көрінбейді. Бұл өзгерістер егеуқұйрықтарды 50 мг дозада асбестпен интоксикациялаған кезде күшейеді, митохондриялардың матрицасында көптеген ісіктердің болуы байқалады, кристалар іс жүзінде көрінбейді, сыртқы және ішкі мембраналары жарылып, айқын бұзылған құрылымымен сипатталады. Вакуольдену және мембраналық құрылымдардың тұтастығының бұзылуын көрсететін миелин тәрізді түзілістердің пайда болуы байқалады. Тәжірибенің екі дозасында да мембрана аралық кеңістіктің күрт кеңеюі анықталды. Асбест әсерінен өкпе жасушаларында митохондриялық кристалар ұзындығының айтарлықтай қысқаруы анықталып, кристалардың ісінуі мен бұзылуы орын алды, мұны 50 мг асбест әсерінен 91%-ға өскен кристалар диаметрінің

морфометриялық көрсеткіштерінен байқауға болады. Ішкі және сыртқы мембраналар ауданынан, митохондрия кристаларының диаметрі мен ұзындығынан алынған мәліметтер, асбест әсерінен митохондрияның дисфункциясын көрсетуі мүмкін, митохондриялар ультрақұрылымы бұзылыстарының дәрежесін бағалауға мүмкіндік берді.

Әдеттегі митохондриялық ультрақұрылым митохондриялық қызметтің міндетті шарты болып табылады, бұл өз кезегінде жасушалардың, ұлпалардың және ағзалардың жарамдылығы үшін маңызды. Жақында ашылған MINOS кешені мен митофилин ақуыздары [56,57] ашытқыдан адамға дейінгі әртүрлі ағзалардағы митохондриялық мембраналардың архитектурасын ұйымдастыруда шешуші рөл атқарады. MINOS-тың бірте-бірте тұрақсыздануы кристалық байланыстардың бір мезгілде жоғалуына байланысты, бұл MINOS тұтастығы осы құрылымдарды қалыптастыру және/немесе қолдау үшін қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар, MINOS екі митохондриялық мембраналар арасындағы байланысқа қатысады және бірнеше сыртқы мембраналық ақуыздармен физикалық өзара әрекеттесу арқылы байланыс алаңы кешендерін құрайды. Олар бірдей молекулалық механизм кристалық түйіспелердің де, ішкі-сыртқы мембрананың жанасу орындарының да қалыптасуында шешуші рөл атқарады, бұл митохондриялардың екі құрылымдық ерекшелігі бірнеше ондаған жылдар бойы зерттеушілерді таң қалдырды. MINOS-тың бірнеше қызметтерінің негізінде жатқан молекулалық механизмдерді, митохондрияның архитектурасы мен қызметтерін және адам ауруларындағы митохондриялық өзгерістерге байланысты патологиялық процестерді түсінуімізге үлкен әсер етеді [59].

Алдыңғы зерттеулер сонымен қатар митофилин тапшылығы ішкі апоптотикалық ынталандырулар кезінде с цитохромының бөлінуін және жасуша апоптозын индукциялайтынын көрсетеді, ал *Bax* белсендіруіне әсер етпейді. Антиапоптотикалық *Bcl-2* факторының шамадан тыс экспрессиясы митохондрияға *Bax* транслокациясын тежеу арқылы кейінгі апоптотикалық жағдайларды тоқтатады [57,58]. Бұл деректер митофилиннің кристаны қайта құруды модуляциялау арқылы с цитохромның шығарылуын бақылайтынын көрсетеді, бірақ митохондрияның сыртқы мембранасының өткізгіштігіне әсер етпейді. Осылайша, митофилин басқа ақуыздармен бірге митохондриялық кристалардың құрылымын сақтайтын қызметінің күрделі жүйесін құрайды. Митохондриялық кристалардың морфологиясының қалыптасуы мен сақталуындағы уыттылық факторлардың, соның ішінде асбесттің рөлі қосымша зерттеуді қажет етеді.

5. Асбесттің иммундық жауапқа әсері

Асбест құрамында SiO_2 өзегі бар темір, магний және кальцийден тұратын минералды силикат болғандықтан, иммунологиялық әсердің иммунокомпетентті жасушаларының реттелуін бұзады, нәтижесінде ісікке қарсы иммунитет төмендейді. Физикалық ерекшеліктеріне байланысты асбест талшықтары өкпеде, аймақтық лимфа түйіндерінде және плевра қуысында, әсіресе лимфа тамырларында жиналады. Асбест бұл аймақтарда ОБФ түзілуіне байланысты созылмалы қабынуды

тудырады. Нәтижесінде, иммунокомпетентті жасушалар өздерінің жасушалық және молекулалық сипаттамаларына ие болады және асбест талшықтарымен созылмалы және қайталанатын байланыстар түзіп, қабыну арқылы модификациялануы мүмкін, нәтижесінде ісік иммунитетінің төмендеуіне әкеледі [60].

Өкпе макрофагтары ағзаның өкпе жарақатына реакциясын реттеуде маңызды рөл атқарады, өйткені олар ингаляциялық қоздырғыштар мен қоршаған орта токсиндерінен қорғаныстың бірінші желісі болып табылады. Макрофагтар шетелдік агенттерге иммундық жауапты күшейту үшін ғана емес, сонымен қатар зақымдануды қалпына келтіру үшін де маңызды. Бұл ерекше қызметтер, тиісінше, Т-хелпер (Th)1 немесе Th2 цитокиндерімен ынталандыруға байланысты фенотиптік тұрғыдан ерекшеленген субпопуляциялар, классикалық белсендірілген макрофагтар (КБМ; M1) және баламалы белсендірілген макрофагтар (ББМ; M2) арасында ауысу қабілетіне байланысты. Макрофагтардың поляризациясы белгілі бір жағдайларда қатаң реттелетіні белгілі, бұл әсіресе Th1 және Th2-индукцияланған туа біткен иммунитеттегі айырмашылықтарда айқын көрінеді. КБМ қабыну цитокиндердің өндірілуіне жауап береді, ал ББМ қабынуға қарсы және жиі фиброздық жағдайлармен, соның ішінде өкпе фиброзымен байланысты. Th2-индукцияланған ББМ паразиттік инфекциядан, аллергиялық реакциялардан және астмадан қорғайтын болса да, профибротикалық ББМ профиброздық өзгерістерге қатысатын маркер ақуыздарын көрсетеді [61].

Макрофагтарда түзілетін ОБФ хризотил әсерінен, кейін өкпе фиброзының дамуы үшін қажет. Макрофагтардағы ОБФ-ның негізгі көзі өкпе фиброзы жағдайында макрофагтардың профиброзды фенотипке альтернативті белсендіруінде маңызды рөл атқаратын Th2 цитокиндері емес, митохондриялар мен H₂O₂ митохондриялық генерациясы болып табылады [62].

Қабыну цитокиндердің шығарылуы альвеолярлық макрофагтардан (AM), соның ішінде IL-1 β және TNF- α -дан болады. Макрофагтар жасуша бетіндегі рецепторлардың көптеген түрлерін экспрессиялайды. Олардың негізгі рөлі патогендерді (патогенмен байланысты молекулалық үлгілер, ПБМУ), патогендік бөлшектерді және апоптозды жасушаларды тану және ішке қабылдау болып табылады [63].

Өкпе фиброзының патогенезіне қатысатын кейбір маңызды цитокиндер мен өсу факторларына IL-1, TNF α , трансформацияланатын өсу факторы β (TGF- β), тромбоциттерден алынған өсу факторы (PDGF) және IL-8 жатады. Бұл агенттер жасушалық зақымдануды арттырады, фибробласттардың пролиферациясын және коллагеннің түзілуін белсендіреді. Альвеолярлы макрофагтар бұл ақуыздардың негізгі көзі болып саналса да, көптеген дәлелдер өкпе эпителийінің жасушалары да қатысатынын көрсетеді. Асбест өкпенің эпителий жасушаларын IL-8 шығаруға мәжбүрлейді, ал TNF α -ның әсер етуі, эпителий жасушаларын макрофагтардың қабыну ақуызы-1 α (MIP-1 α) шығаруға белсендіреді [64].

TNF α – асбестпен индукцияланған өкпе уыттылығына қатысатын негізгі цитокин. Асбестоз және идиопатиялық өкпе фиброзы кезінде альвеолярлы макрофагтар TNF α деңгейін жоғарылатады. Өкпенің эпителий жасушаларында, әсіресе идиопатиялық өкпе фиброзы бар гиперпластикалық II типті жасушаларда TNF α жоғары деңгейде болады. MIP-1 α альвеолярлық II типті жасушалардың мРНК деңгейін TNF α жоғарылатуы мүмкін және TNF α эпителий жасушаларына әсері арқылы өкпенің қабынуына ықпал етуі мүмкін деген болжам бар [65].

Зерттеулер мезотелиоманың пайда болуы мен өсуінде асбестпен туындаған қабынудың маңыздылығын көрсетті және HMGB1 және Nalp3 қабынуы бұл процестің негізгі бастамашылары ретінде анықталды. Асбест жасуша некрозын және HMGB1 шығарылуын тудырады, ол Nalp3 қабынуды белсендіреді, бұл процесс ОБФ өндірісі арқылы асбест әсерінен күшейеді. HMGB1 және Nalp3 қабыну реакцияларын тудырады және интерлейкин-1b және TNF-а секрециясына, сондай-ақ NF-kB белсенділігіне әкеледі, осылайша жасушалардың өміршеңдігіне және ісіктердің өсуіне ықпал етеді [66].

Асбест канцерогенезі қабыну жасушаларынан цитокиндер мен мутагенді ОБФ-ның бөлінуімен байланысты. Асбест адамның мезотелий жасушалары үшін цитотоксінді болыптабылады. Асбестпен индукцияланған жасуша өлімі канцерогенезге байланысты некроздың реттелетін түрі болып келеді. Асбесттің әсеріне ұшыраған жасушалар поли (АДФ-рибоза) полимеразаны белсендіреді, H₂O₂ бөледі, АУФ-ты қорын азайтады және ядродан цитоплазмаға және жасушадан тыс кеңістікке high-mobility group box 1 (HMGB1) ақуызын транслокациялайды. HMGB1 шығарылуы макрофагтарды TNF-α секрециясын туындатады, ол жасуша өлімінен қорғап созылмалы қабыну процесін бастайды. Асбест әсерінен HMGB1 ақуызы асбест шөгінділерінің айналасындағы мезотелийде, қабыну жасушаларының ядросында, цитоплазмасында және жасушадан тыс кеңістікте анықталды, TNF-α сол аймақтарда экспрессияланады. HMGB1 шығарылуы асбестпен байланысты аурулардың патогенезіндегі маңызды кезең болып табылады және жасуша өлімі, созылмалы қабыну, канцерогенез арасындағы механикалық байланысты қамтамасыз етеді [67].

Цитокиндер интерлейкин IL-6 және IL-8 ретінде анықталды, олар өкпенің қатерлі ісігі жасушаларына плейотропты реттеуші әсер етеді және арнайы өкпе фибробласттарында көп мөлшерде өндіріледі. Өкпе фибробласттарының асбестпен әрекеттесуі өкпе ісігі жасушаларының өсуі мен метастазына қолдау көрсетуі мүмкін [68].

